

АРНАУЛЫ СҰХБАТ

ЛАС СУҒА АППАҚ, ТАЗА СУДЫ ҚҰЯ БЕРСЕҢ, СУ БІРТЕ-БІРТЕ АҒАРАДЫ

ТЕРІС УАҒЫЗ ТАРАТАТЫН 16 МЫҢ АККАУНТ БҰҒАТТАЛДЫ




«Күні бүгін Атырауда болып жатқан мәселе 4-5 жылда басқа облыстарда да үлкен мәселеге айналады. Әзірге әлеуметтік желіде ұстайтын, экстремистік пиғылымен ұсталып, сотталатын адамдары бүгін болмаса, 3-4 жылда олар пайда болады. Өзге өңірдегі әріптестер сол кезге дайын отыру керек. Мақтан үшін айтпаймын, әр өңір Атырау облысындай жұмыс істесе, яғни ел бойынша белсенді жұмыс істесек, әлеуметтік желіні деструктивтік материалдардан бір жылда тазартып тастауға болады. Мысалы, Америкада экстремистік бағыттағы материалдарды интернетте жариялай алмайсың. Жарияладың ба, жарты сағатта саған есік қағып, жетіп келеді. Неге? Себебі, оларда бәрі автоматтандырылған, интернетке кіріп бір экстремистік жазба қалдыратын болсаңыз, сол мезетте-ақ жауапқа тартыласыз».

(Діни теріс уағыз таратушылармен күрес туралы 5-беттен оқисыздар)

ЖАНАЙҚАЙ

17 000 000 ТЕҢГЕНІҢ ТҮЙІНІ НЕМЕСЕ МАҚТАРАЛДАҒЫ МАҚТАУЛЫ ҮЙДІҢ СИҚЫ



Түркістан облысындағы Мақтарал ауданының тұрғындары үшін биыл ауыр жыл болды. Ала жаздай қызыл судың астында қалғаны аздай, қысымен суық пен дымқылдың үстінде отыруға мәжбүр. Көктемде көршілес Өзбекстанда бөгет бұзылды. Сардоба су қоймасы бөгетінің бұзылуы салдарынан болған төтенше жағдайға байланысты Мақтарал ауданында Нұрлыжол, Достық, Жаңатұрмыс және Жеңіс сияқты 5 елді мекенде орналасқан тұрғын үйлер зардап шекті. Көптеген тұрғын баспанасыз қалды.

(Жалғасы 3-бетте)

ДАРА СӨЗ

Қазір әлем бұзылып кетті. Әлем болғанда да адам бұзылды. Рим Папасы бір жыныстылардың үйленуіне рұқсат берген соң, басқалар қалай онсын? Бір жыныстылардың некесін қолдайтын азғындар әлемді жаулап, тіпті біздің Қазақстанға да келді. Бір қызығы, соққан жел, ұйытқыған боран болсын, бір ұшығы бізге тиеді. Әсіресе, жамандық, адамды азғыратын қолдан жасалған саяси «дәстүр» бізді соқпай өтпейді. Оған біздің жастарымыз да жерік асындай үйір.

Елімізге белгілі бір үлкен адамның немересі сол азғын жолда екен дегенді естіп, жағамды ұстап отырмын. Бұл нені білдіреді? Бұл біздің халықтың өзегінің бұзыла бастағанын білдіреді. Ондай азғындарға дер уақытында тыйым салуымыз керек. Адам еркіндігі деген бос сөзге айналды. Адам еркіндігі о баста басқа пиғылмен



Дулат ИСАБЕКОВ,
жазушы-драматург,
Мемлекеттік сыйлықтың иегері:

КЕСІРЛІ ЖОЛДЫ КЕСУ КЕРЕК!

ойластырылған дүние. Сондықтан, бұл арадағы адам еркіндігі, адамның құқығы дегендердің бәрі — біздің елдігімізге, ұлттық қасиетімізге қатер төндіретін індет болып тұр. Қоғам, мемлекет болып шетелден келетін әртүрлі діни ағымдарға қалай тыйым салсақ, бұған да солай жол бермеуіміз керек! Мысалы, осы бір жынысты азғындарға Ресейде Путиннің өзі қарсы шығып, жарлыққа қол қойды. Өйткені оларда да көп. Думаның өзінде каншама бір жыныстылар бар? Путин ешкімнен именбей, сол азғындардың жолын кесті. Ал бізде бұлар ойына келгенін істеп, теледидарына шығып, тайрандап жүр.

Бұл азғындықтың түп-тамыры қайда жатыр? Бізге қайдан, қалай келді? Бұл жолға кімдер үйір деген сауал мені жиі мазалайды. Ондай жастар — байлықтан, барлықтан тойған, ақшаның көптігінен семіргендер. Жеткілікті өмірдің өзі кейде адамды әртүрлі пиғылға, әртүрлі ниетке жетелейді екен. Қазақ «Семіздікті қой ғана көтереді» деп бекер айтпаған ғой. Қоңыртобел тұрмыс кешкен жандардың бала-шағалары ондай азғындыққа бара бермейді. Өйткені олар үшін ең бірінші кезекте қарынның қамы тұрады.

Бір жыныстылар бізде біраз жылдардан бері бар. Гей-парад дегенді де естіп жүрміз ғой. Бірақ бұлар күннен-күнге көбейіп келе жатыр. Осы жағы қорқынышты! Олардың бәрі қайдан шығып жатқаны белгісіз. Бұларды қандай мақсатпен болса да, теледидарға шығаруға, фейсбукке немесе басқа да әлеуметтік желіге шақырып, сұхбат алуға, жұртқа көрсетуге болмайды. Жұртқа маскаралап көрсетеміз деген ізгі ойымыз — олар үшін жарнама. Жастар еліктегіш келеді. Кім білсін, солардың жолы дұрыс екен деп ілесіп кетуі әбден мүмкін! Сондықтан мұндай кесірлі бағыттағылардың жолын кесуіміз керек. Бұл халықтың геніне, тегіне кері әсер етеді. Олармен күресудің де қажеті жоқ. Заңмен тыйым салу қажет!

OIL



БИРЖАМЕТР

DOLLAR
\$ 422,82

EURO
€ 505,5

РУБЛЬ
₽ 5,59

ҚЫЗЫҚТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ



Қалай қарай
жүремін?



(Толығырақ 4-бетте)

БИЛІК

Сәрсенбі күні «Nur Otan» партиясының кезектен тыс XX съезі өтті. Одан бір күн бұрын билік партиясы Саяси кеңесі Бюросының отырысы болған еді. Фракция отырысында «Nur Otan» партиясының «Қазақстан -2021: Бірлік. Тұрақтылық. Жасампаздық» атты сайлауалды бағдарламасының орындалуы туралы үкіметтің есебі тыңдалды.

партияның әрбір үшінші жаңа мүшесі жеңіске жеткен. Нұрсұлтан Назарбаев осылайша, «Nur Otan» партиясының жұмысын жүйелі түрде қайта жандандыру аяқталғанын жария етті. Бюро мен Саяси кеңес отырыстарының нәтижесінде 126 үміткерден құралған тізім «Nur Otan» партиясының XX съезіне ұсынылды. Елбасы партия съезінде «Nur Otan» партиясының елді біріктіру, халық пен билік арасына дәнекер болу үшін құрылғанын айтты. Партияның барлық кезеңде іргелі 3 қағиданы басшылыққа

айкай-шусыз партияға кіріп, одан соң депутаттыққа өтіп, сол жерде мәселесін көтеріп, шешу керек. Осы жолмен жүрейік», — делі. «Nur Otan» партиясының кезектен тыс XX съезінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев баяндама жасап, мемлекет пен үкімет алдында тұрған кесек-кесек міндеттерге тоқталды. Мемлекет басшысының, әсіресе, экономика мен аймақтардың тұрақты дамуына қатысты пікірі назар аударарлық. Президент жаһан экономикасы ұзақ тоқырауға ұшырағанын айта келе, дегенмен мұндай дағдарыстың



АЛДАҒЫ БАҒЫТ: БІРЛІК. ТҰРАҚТЫЛЫҚ. ЖАСАМПАЗДЫҚ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев осы басқосуда әлемдік экономиканың пандемия салдарынан 4,4 пайызға құлдырағанын, ал кейбір дамыған елдерде бұл көрсеткіштің 10 пайызға жеткенін атап өтті. Еліміз осындай жайсыз ахуал мен құбылысқа қарамастан, жұмысты тиімді ұйымдастыру Ұлттық қордағы мол қаражаттың арқасында күрделі қиындықтарды еңсере білді. Партия Төрағасы саяси ұйым жұмысын қайта жандандыру бағытында ауқымды да жүйелі жұмыс атқарылғанына тоқталды. Қазақстанның Тұңғыш Президенті: «Біз алғаш рет праймериз өткіздік. Соның нәтижесінде аудан, қала және облыс деңгейіндегі іріктеулерден өткен 77 кандидат Саяси кеңестің шешімімен Съезге ұсынылып отыр. Бүгін праймериз тәртібіне сәйкес, қалған 49 кандидатты орталық квота бойынша партиялық тізімге қосу жөнінде шешім қабылдаймыз. Халықтың қатысуымен 216 өңірлік сайлауалды бағдарлама жан-жақты талқыланып, қабылданды. Онда жұртшылық тарапынан келіп түскен 17 мыңнан астам ұсыныс ескерілді», — делі. Елбасы праймеризге қатысушылардың үштен бір бөлігі және партиялық тізімге енген әрбір бесінші адамның жастар өкілі екенін айрықша атап өтті. Партиялық тізімнің 30 пайызын әйелдер құрайды. Бұған қоса, көпбалалы аналар, мүмкіндігі шектеулі жандар, бизнес өкілдері, жұмысшылар мен қызметкерлер де бар. Тағы бір дерек. Праймеризге қатысқан

алды және алдағы уақытта да соған арқа сүйейді. Елбасы мұның біріншісі жауапкершілік екенін атап өтіп: «Біз шынайы істер партиясымыз. Демек жауапты саяси күш деген сөз, яғни айтты — орындады. Қиын сәттерде «Nur Otan» барлық уақытта халықпен бірге болды. Бүгінде партия елдегі шынайы билікпен байланыстырылады. Бұл бізге зор жауапкершілік жүктейді. «Nur Otan» партиясынан кандидат болу, партиялық тізімнің бөлшегіне айналу — бүгін және болашақта мемлекеттің жауапкершілігін бөлісу» делі. Екінші қағида — командалық бірлік. Партияға мүшелік — бұл басымдық емес, қоғам алдындағы міндет, Отанымыздың игілігі үшін күнделікті жұмыс. Үшінші қағида — орталық идеалдар мен мақсаттарды ұстану. Қазақстанның Тұңғыш Президенті елдегі саяси партиялар алдында тұрған міндеттерге де тоқтала кетті: «Бүгінде «Nur Otan» өз уәдесінде тұра алатын, елдегі мықты көшбасшыларды топтастырған саяси ұйым екенін бәрі көріп отыр. Басқа партиялар да болады, қазір де бар. Оған ешкімнің қарсылығы жоқ. Қоғам солай, уақыт солай. Бірақ сол партиялардың барлығы нақты ұсыныс беріп, елге жақсылық жасаса екен дейміз. Тек сынап, көшеге шығып айқайлағаннан не шығады? Қанша айқайласа да, көшеге шықса да көпбалалы аналар, жағдайы жок кісілер түбінде кімге келеді? Үкіметке келеді. Бәрін шешетін мемлекет, Үкімет. Сондықтан дау-дамайға салмай,

экономиканы жаңа үлгіде қалыптастыру үшін жүйелі реформалар жасауға мүмкіндік береді деген пікірде. Мемлекет басшысы әлемдегі барлық экономист ғалымдар мен парасатты саясаткерлердің адамзат тарихындағы теңдессіз жаһандық дағдарыс жағдайында экономикалық процестерді басқаруда мемлекеттің рөлі барынша артып отыр деген тұжырымға келгенін атап өтті. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев қатан әрі теңдестірілген макроэкономикалық саясат, жекеменшік секторды қолдау, халық алдындағы әлеуметтік міндеттерді орындау есебінен экономиканың өсімін қамтамасыз етудің маңызына тоқталды. Бұл ретте шығындарды бақылауды қатан назарда ұстау керек.

Үкімет экономиканы әртараптандыру (*диверсификация*) саясатын жүргізу арқылы шикізаттық емес салаларды дамытуға күш салмақшы. Осы мақсатпен бұл саладағы экспорт көлемін жылына 40 млрд долларға жеткізу көзделіп отыр. Сондай-ақ, жылдық тікелей шетелдік инвестиция көлемі 30 млрд долларға жетуі тиіс. Ауыл шаруашылығында да ірі жобалар іске асырылады. Атап айтқанда, 350 мың фермерлік және үй шаруашылықтарын тарта отырып, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіретін және өңдеумен айналысатын 7 ірі экожүйе құрылмақшы. Сондай-ақ суармалы 600 мың гектарлық алқапты пайдалану жоспарда тұр.

Талап ТІЛЕГЕН

Әлеумет.t⁰



ТАЛПАҚ ТАНАУДЫҢ ӘЛЕГІ

Ғабит Мүсіреповтың «Талпақ танау» деген әңгімесі бар. Онда қазақ ауылына алғаш рет шошканың келуі суреттеледі. Әңгімеде ауылға әкелген талпақ танауды казактардың бірден қабылдамауы, тандануы, тіпті малға теңемей, арбадан түсіруге жиіркенгендері ащы әжуамен айтылады. Одан бері бір ғасыр өтті. Қазақ талпақ танау десе, әлі де тіксініп тұрады. Мәселен, Ақтөбе облысының Алға ауданына қарасты Бестамақ ауылының тұрғындары да шошқа өсіретін қожалықтың жабылуын талап етті.

Әкімді шақырып, ауылды, ауаны ластаған, экологияны бүлдірген шаруашылыққа тұрғындардың өкпесі қара қазандай. Бестамақтықтардың айтуынша, шошқа нәжісі ауылды тұншықтырып, айналаны ластап, өзенді былғап, жұрттын мазасын қашырған. Экологиялық талапты орындамаған шаруашылықтың жабылуын талап еткен бестамақтықтардың сөзінше, шошқа шаруашылығының айналасына келтірген залалы шаш етекпен көрінеді.

Жазушы әңгімесінде айтылғандай, бір ғасыр бұрын казак жеріне әкелген талпақ танаулар ауылды, ескі қорымдарды қалай қорыс-қопасын шығарса, бүгінгі даулы шаруашылықтың бағымындағы мақұлық Есет батыр жатқан қорымның етегінде жайылады екен. КТК телеарнасына жанайқайын жеткізген тұрғын ауыл іргесіне 300 талпақ танаудың өлекесі мен ішек-қарнын көмгенін айтады. Оны қожалықтың қызметкерлері растап отыр. Оны қойшы, діндар қауымның намысына тигені басқа әңгіме. Шошқа шаруа қожалығының иесі, кәсіпкер Гайк Тертерян қазір шетелде жүрген көрінеді. Сол жақтан «сәлем» жолдаған кәсіпкер біртүрлі әңгіме айтып, елдің ашуына тиді. Ол «Шаруашылықтан түскен қаржы мешіттің де қажетіне жұмсалды» депті.

Біз мәселенің мәнін білу үшін ҚМДБ-ның баспасөз қызметіне хабарластық. Әріптестеріміз бізге Алға ауданының бас имамы Әбдіухит Әбдірасуловтың осы мәселеге қатысты айтқан пікірін ұсынды. Имам: «Парижская коммуна» ЖШС құрылтайшысы Гайк Тертерян Ақтөбе облысы Алға ауданы Бестамақ ауылындағы жағдайға байланысты берген сұхбатында: «...Бұдан басқа, мен жүздеген миллион теңгені ауданның бюджетіне салық түрінде төлейтінімізді айтқым келеді. Бұған мешіттерді, мектептерді ұстап, мұғалімдердің енбекақылары төленеді және тағысын тағылар», — деген пікір білдіріпті. Шамасы Тертерян мырза аудан бюджетіне төлеп жатқан салығынан мешіттердің де шығындары өтеледі деп ойласа керек. Қазақстан — зайырлы мемлекет. Бюджеттен мешіттердің шығынын өтеуге қаражат бөлінбейді. Жалпы Алға ауданында 4 мешіт бар. Олардың барлығының да коммуналдық шығындары жергілікті жамағаттың демеушілігімен және садақасымен төленеді. Алла Тағала ел тұрақтылығы мен бірлігін бекемдеп, баршамызды алауыздықтан сақтағай!» дейді. Осылайша, кәсіпкердің уәжі орынсыз боп шықты.

...Сөйтіп, Ақтөбе облысының әкімі Ондасын Оразалин талапшыл тұрғындармен кездесті. Кездесу қорытындысы бойынша шаруашылыққа мынадай талап қойылды. Шошқа қораны жабу. Не болмаса, шошканың орнына басқа мал өсіру. Алайда Тертерян шошқа қораны бір күнде жауып, талпақ танауды аштан қатыра салу қауіпті екенін, жұқпалы ауру таралатынын айтыпты. Мәселе шошканы қырып, қораны жабуда емес, әңгіменің салмағы қоршаған ортаның тазалығы, жергілікті тұрғындардың салт-дәстүрі мен мәдени құндылықтарына құрметпен қарауға кеп тірелсе керек.



Жарас ШӨКЕ

Кесте

ИПОТЕКА

(2020 жылғы 1 қазанға дейін)

Ел бойынша **2,1 трлн** теңгеге тұрғын үй несиесі рәсімделді

ЕҢ КӨП АЛҒАН:	
Нұр-Сұлтан	584 млрд теңге
Алматы	500,1 млрд теңге
Шығыс Қазақстан облысы	124,2 млрд теңге
Қарағанды	119,3 млрд теңге
Ақтөбе	112,2 млрд теңге

ЕҢ АЗ АЛҒАН:	
Солтүстік Қазақстан облысы	42,4 млрд теңге
Қызылорда	30,6 млрд теңге
Түркістан облысы	1,1 млрд теңге

Дереккөзі: Ұлттық банк

Индустрия және инфрақұрылымды дамыту министрлігі:

- «Маңғыстау облысы екі ЖЖА-на тапсырыс берген, олар мерзімінде жеткізілді. Тұтас алғанда, еліміздің барлық аймақтарына ЖЖА 1-ші қарашаға дейін жеткізілді».
- «Қазіргі кезде Қазақстанның 17 аймағындағы 297 ауруханасына Biogen ЖЖА-ның 1500 данасы жеткізілді. Соның ішінде 100 данасы ШҚО медицина мекемелерінде пайдаланылып жатыр».

Даниал АХМЕТОВ, Шығыс Қазақстан облысының әкімі:

«Бізге министр-ліктен 100 ЖЖА (Жасанды жөлдету аппараты) келуі керек, аламыз деп үміттенемін. Қазір облыстағы ИВА санын 153-ке жеткіздік. Олар Швейцария, АҚШ және Жапониядан облыс бюджеті есебінен сатып алынды».

Серікбай ТҰРЫМОВ, Маңғыстау облысының әкімі:

«Пандемияға дейін аймақта 95 ЖЖА аппараты бар еді. Қазір оның санын 260-қа жеткіздік. ЖЖА аппараттары біздің өңірде жұмыс істейтін «ӨзенМұнай-Газ», НКОК, «Қара-жанбасмұнай» компанияларының қаржысына сатып алынды. Америка, Еуропа және Қытай өндірісінен шыққандары бар. Барлығы толық жабдық-талған. Орталықтан (индустрия және инфрақұры-лымды дамыту министрлігі – ред.) бүгінгі күні аппарат алған жоқпыз. Келіп жатса, оның сапасына көңіл бөлеміз».

Қызықстан қызықтары

ЕРКЕКШЕ КИІНСЕ ДЕ, ҚОЛҒА ТҮСТІ



Елордалық көліншек туысының үйіне ұрлыққа түскен. Нұр-Сұлтан қалалық полиция департаменті хабарлағандай, ол туыстарының қонаққа кететін уақытын білген.

Үйдің кілтін алдын ала жасатып алған. Бейнебақылау камерасына түспеуі үшін, ер адамша киініп, еш қиындықсыз бағалы бұйымдарды қолды етіпті. Ұрланған зергерлік бұйымдарды 370 мың теңгеге ломбардқа тапсырған. Жедел іздетіру шаралары барысында әйел ұсталып, кінәсін мойындады. Қазір осы іске қатысты тергеу амалдары жүргізіліп жатыр.

(Басы 1-бетте)

«СЕНЕН КЕТКЕНШЕ, МАҒАН ЖЕТКЕНШЕ»

Мамырда табиғаттан келген зауал сондағы ағайынды әбiгерге салғаны рас. Бауырларымызға дүйiм ел болып, шама-шарқымызша елiмiздiң түкпiр-түкпiрiнен көмек қолын созған сәлемдеме ағылып жатты. Әйтеуір, жыртқыққа жамау болар деген үмiтпен қаншама акедiл азаматтар Жетiсайға ағылды. Арыс жарылғанда бiрiккен қазақ Мақтаралды су алғанда да бiрлiгi бекем, ынтымағы мығым екенiн тағы бiр мәрте көрсеттi.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та, өнiр басшысы Ө.Шөкеев те қолдан келген қамқорлығын аямады. Бұзылған үйлердiң орнына жаңа қоныстың

үстiн цементпен жауып тастаған. Бүкiл үйдi қопарып, жылу жүйесiн қайтадан жасап жатқан үйлер көп. Айта берсек, әңгiме көп. Ен әуелi шатырдың өзiн қалай болса, солай жаба салған. Кейбiрiнiң үстiне қара қағаз жабылмаған. Шатырға қакқан шегенiң өзi көрi қойдың тiсiндей, әр жерден бiр-бiр талдан қағып кетiптi. Сәл ғана жанбырға қаншама адамның үйiнен су өтiп кеттi. Еденi суланып, дымқылданып, линолеумi көтерiлiп кеткенi қаншама?.. Ал қардан кейiн қабырғасы мұздап, көгерiп жатқандары ше?

Женiстiң тағы бiр тұрғыны «Шүкiршiлiк етпейсiндер. Вагонда тұрып жатқан адамдар бар. Су баспай тұрғанда екiқабатты үйде тұрған ба едiндер?» деген сөздер жүрекке ауыр тиедi екен. Зәулiм сарайда тұрмасак та, жағдайымыз жасалған үйде тұрдық қой. Шүкiршiлiк етесiң, есiл кеткен ақшаға жаның ашиды. Әрқайсысы 17 миллион теңгеге бағаланған

шағынауданда ауа райының қолайсыздығына байланысты он шақты үйдiң шатырынан су кеткен болатын. Осы бойынша аудан әкiмi Бақыт Асанов аталған шағынауданда тұрғындармен кездесiп, барлық орын алған кемшiлiктер қайта түзелетiнiң атап өттi. Осы мақсатта үйлердi салған мердiгерлерге қатаң тапсырма берiлдi. Сондай-ақ үйлердi аралап көрген аудан басшысы жағдайды өз бақылауына алды. Қазiргi таңда жаңа шағынаудандағы үйлерге жылу берiлiп, суық және ыстық су iске қосылған. Сонымен қатар мердiгер компаниялар тарапынан орын алған кемшiлiктердiң барлығына түзету жұмысы жүргiзiлдi, — деп жауап бердi.

Мырзакенттiк тұрғындар шулаған видео әлжелiге салынғаны сол-ақ екен, көп адамдар үнсiз қала алмады. Данияр Қожабек есiмдi желi қолданушысы «Тапсырма

17 000 000 ТЕҢГЕНІҢ ТҮЙІНІ НЕМЕСЕ МАҚТАРАЛДАҒЫ МАҚТАУЛЫ ҮЙДІҢ СИҚЫ



берiлдi, кемшiлiк түзеледi, жұмыс жасалады, мәселе шешiмiн табады, ескерiледi деген әкiмшiлiктiң жаттанды сөздерi ғой сол баяғы. Жаңа үйлер салынды, бiрақ шатыры ұшып кеткен. Қызық, иә?» деген пiкiрiн қалдырды.

Түркiстан облыстық «Оңтүстiк Қазақстан» газетiнiң журналисi Аман Жайымбетов Мақтаралда жерасты суы жақын, бiр-екi метр қазса, су шығатынын айталды. «Сол себептi ол жерде үйлерге мiндеттi түрде ағаштан еден төсейдi. Өйткенi цемент құйып, линолеум төсеу ауруға шалдықтырады. Ал жаңадан салынған үйлерге ағаш еден төселмеген. Жылы еден (*теплый пол*) дегендi айтпай-ақ қояйық. Демек ол үйде бiрер жыл тұрғандар бел ауруына душар болуы мүмкiн. Сол үшiн әлi де кеш емес, 17 млн теңге алған мердiгерлер ең болмағанда, отыратын бөлмелерге ағаш еден салып берсе, сауап iс жасар едi», — дейдi.

Әрiптесiнiң сөзiн ақын, журналист Боранбай Құдияров та қостайды. Ол «Мырзакенттегi жаңа құрылған үйлерге ағаш еден төсеуге қосымша жұмсалатын шығынды осы үйлердiң жобалық-сметасын жасаған құрылысты жобалау институты мен оны Мақтарал ауданында салуға өткiзген облыстық

үйлерге қарап қарның ашады. «Сенен кеткенше, маған жеткенше» салынған үйлер», — деп күйiнедi.

ЫНСАП ДЕГЕН НЕМЕНЕ, ІШІП-ЖЕП КЕТКЕН МЕРДІГЕР МЕ?

Біз сөйлескен қайсыбір тұрғын аты-жөнін атап айтуға қорқақтайды. Бір жағы «ынсапсыз, бөлекор!» деген сөзден де аяқ тарталды. Себебі олардың соңына түсіп, қызметі



барларын қудалайды екен. Мүлде үндемейiн десе, су өткенi былай тұрсын, сапасыз арзан құрылыс материалдарынан асығыс салынған үйлердiң құлап қалмасына кепiл жоқ. Сол баяғы журналистер мен әлеуметтiк желi белсендiлерiне арқа сүйейдi-дағы. Сондай белсендiлер мен жергiлiктi билiктi шақырып жиналыс өткiзген. Сол кезде: — Осының арқасында бөрiн жағдайларыңды жасап алдыңдар. Шiренiп келiп, шiренiп кетесiндер. Жаңа үйлердi қабылдаған кезде сапаны неге қадағаламайсыңдар? «Техназор» қайда қарады? Жауапты адамдарың телефонның көтермейдi, — делi мырзакенттiк бiр тұрғын.

— Оны мен iстеген жоқпын, ұста жасады, — делi жергiлiктi әкiмдiк өкiлi.

Сол арада әлгi шенеунiктiң джиппен келгенi, «ондайлардың» қу құлқынынан әрi аса алмайтынын, тынғылықты жұмыс iстемейтiнi айтылып үлгердi. Оған керi жауап та естiлдi. «Немен келетiнiмде сенiң не жұмысың бар? Есекпен келем бе, атпен келем бе, кеп тұрмын ғой», — деп өзүересiн.

Сонымен не керек, мемлекеттiк қызметшiнiң қызметтiк этикасы жайына қалды. Барлығын мердiгерлерге итересалды. Халық жауапты адамдарды таппай құр сабылады.

Ал Мақтарал ауданының әкiмдiгiне хабарласқанымызда, мынадай жауап алдық: «Мақтарал ауданының орталығы Мырзакент кентiнде жаңадан бой көтерген



КҮЙІ КЕТКЕН КИНО ҮЙІ

Заманауи сәулет туралы сөз қозғағанда «фасадизм» ұғымына тоқталмасқа болмайды. Бұл – тарихи ғимараттың сыртын сол қалпында сақтай отырып, ішін түрлендіретін тәсіл. Мәселен, он сегізінші ғасырда іргесі қаланған Мадридтегі София патшайымның өнер орталығы кейін мұражайға айналды. Нью-Йоркте бірнеше ғасырдың куәсі болған көп нысанның сырты көрінгенмен, іші кеңсеге айналған мысалдар жетіп артылады.

Осыдан төрт жыл бұрын Алматыға Франциядан әйгілі өнертанушы, сәулет тарихшысы Жан-Луи Коэн келіп, қазақстандық суретшілер, қала құрылысының басы-қасында жүрген адамдармен кездесу өткізді. Басқосуға дейін шаһардың келбетімен танысқан тісқаққан маман әңгіме барысында Алматыдағы тарихи ғимараттардың көбін жөндеуден өткізгенде «асыра сілтеушілік» болғанын қынжыла жеткізді. Тілге тиек еткен тізімінде бұрынғы Үкімет үйі, «Арасан» моншасы, Республика сарайы бар. «Уақыт талабына сай жөндеу жүргізілгенмен, бұрынғы қайталанбас келбетінен айырылса, мұндай ғимараттардың еш құндылығы болмайды, сондықтан барынша сақтау керек» деген байламын айтты. Өзіміз емес, өзгенің сары уайымға салынып, жаны ашығаны, ақылмен бөлісуі бізге сын. Оны тыңдар құлақ болса ғой, әттен. Әйтпесе, жанашыр атқамінерлер Абылайхан көшесінің бойында орналасқан Балалар мен жасөспірімдер театры ғимаратын жермен-жексен етіп, орнына көп қабатты тұрғын үйдің бой көтеруіне рұқсат берер ме еді? Алматының

Бірақ бір төбелесті жеңіп алдық. Соғыс әлі жалғасып жатыр. Бұл ғимаратқа студент кезімнен бастап келетінмін. Фильм көріп, түрлі аламдармен кездесетінбіз. Ұзақ уақыттан кейін өз үйіме оралғандаймын. Бұл жай ғана ғимарат емес. Оның тамыры тереңде жатқан тарихы бар. Енді бұл жерді қайтадан қалпына келтіру қажет».

Асанәлі Әшімов бастаған кино майталмандары ұзақ уақыттан кейін Кино үйінің табалдырығын имене аттады. Бірақ іштегі көріністі көріп, төбесінен жай түскендей болды. 400 орындық кинозал жұттан шыққан ауылдың күйін кешкен. Жалға алушылар үлкен экраннан бастап, барлық техниканы қиратып, таратып жібергенге ұқсайды. Бірнеше жылдан бері түлкібұланға салынған іс Қазақстан Кинематографистер одағын әбден әбіржітті. Өйткені ұйымның аты болғанмен, оның мүшелері отыратын орын болмады. Осыдан барып, қазақ киносының дамуы туралы қалай сөз қозғаймыз?

Халық әртісі Асанәлі Әшімов бізге берген сұхбатында киноның алға басуы үшін алдымен қарашанырақты «тірілту» керек деген пікірімен бөлісті:



сәулетіне аландайтын әкімдік қанша жылдық тарихы бар «Алатау» кинотеатры сүрілгенде «ай қарады ма» деп еріксіз кіжінесін. Қазір ол жерде фаст-фуд орталығы қызу жұмыс істеп тұр. Билыты Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мегаполиске ресми сапарымен келгенде мұндай орны толмас олқылыққа жол бергендерді қатаң сынға алып, Алматы сәулетіне селсөк қарамауға қатысты батырып айтты.

«Алатау» кинотеатрының басына туған күнді Алматыдағы Кино үйі де кешіп, бірнеше жылдан кейін «жаралы» күйінде осы апта қайтарылды. Бәрін ретімен баяндайық.

Бұл нысан әу бастан Қазақстан Кинематографистер одағының еншісінде еді. Даудың басы 2015 жылы басталды. Кинематографистер одағы төрағасының бірі кетіп, екіншісі келеді. «Одақ шығынын жабамын» деген желеумен ол ғимаратты

«Мұндай орталық шығармашылық адамдарына керек. Сценарий талқылауға, өз ойымен бөлісуге. Кезінде туындылардың сапалы шығуына осындағы кездесулердің әсері болды. Кешке жақын әңгімелесуге осы жерге келуші едік. Конатқарды осында қарсы алатынбыз. Мұндай үй керек қой. Өкініштісі, қазір мұнда жарық та, жылу да жоқ. Талқанын шығарып, бәрін бұзып кеткен. Соның бәрін енді жөндеу қажет. Демеушілер тартсақ та, бұл жерді жөндеуге тиіспіз. Қазір киноны көрсететін жер де қалмады ғой. Жігіттерге рахмет, өлермендікпен жеңіп алды. Ақсақалдар оларға рахмет айтады!»

Жалға алушылар мұнда бес жыл бойына түнгі сауық өткізген. Қаншама қайраткер сөз сөйлеген, түрлі туындыны тамашалаған кинозал осыншама уақыт бойы көгілдірлердің ойнақ салатын ордасы болған. Ғимаратты кері қайтаруға



жалға береді. Сорақысы сол, өнер майталмандары түрлі тұсаукесер, кинокөрсетілімде бас қосатын орын көгілдірлер сауық салатын гей-клубқа айналып шыға келді. Қарашанырақтың содан бері табалдырығын аттай алмаған өнер иелері бүгінге дейін өгейдің күйін кешті. 60 жыл бұрын Дінмұхамед Қонаевтың рұқсатымен Шәкен Аймановтың өзі ашқан киелі орданың жын-ойнақтың ортасына айналуына рұқсат берген басшы өнер киесінен қорықпай осылайша талан-таражға салып, ғимараттың дал-дұлы шығуына көз жұма қараған. Мұндай бассыздыққа шыдамаған режиссер, актерлер сотқа жүгініп, екі жарым жыл бойына әділдік үшін күресіп, ақыры жеңіске жетті. Біздің сұраққа толқи жауап берген Кинематографистер одағының қазіргі төрағасы, режиссер Ермек Тұрсынов бұл жеңістің оңайшылықпен келмегенін айтты: «Бұл жолы сот ғимаратты ашып беріндер деген шешім қабылдады. Үш рет аудандық сотта жеңдік. Содан кейін апелляцияға бергеннен кейін екі рет қалалық сотта жеңіп шықтық. Толық жеңдік деп айта алмаймыз.

киногерлердің үш жылға жуық сот табалдырығын жағалауына тура келді. Бассыздыққа жол берген одақ басшысы содан бері бірнеше рет ауысты. Олармен соттасу әлі жалғасып жатыр. Жалға алушылардың өзі тілшілермен тілдесуден ат-тонын ала қашты. Қарсы тараптың әлі де берілгісі жоқ. Токетерін Жоғарғы сот айтады деп, солардың әділдігіне жүгінібек ойлары бар көрінеді. Бір жеңіске жеткенмен, енді киногерлердің алдында тағы бір қын асу тұр. Кино үйінің қазіргі күйі кеткен. Ғимаратты қайта қалпына келтіруге қыруар қаржы керек. Ал одақтың есебінде көк тиын жоқ. Көнілде «қала атқамінерлері көмек қолын соза ма» деген үміт отыр. Себебі Кино үйі — тек осы сала санлақтарының ғана емес, алдыңғы кезекте қала бақылауында, қорғауында, қолдауында болуы тиіс тарихи ғимарат. «Алатау» кинотеатры «аруағының» алдында арын тазалау үшін ең болмаса жалғыз тал Кино үйін құтқаруға құлық танытар деп сенейік.

Мәрия АЙТБАЙ,
Түркістан облысы

Аскарбек ҚАЗАНҒАП



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

KÓKEIKESTI

Жоба

— Ғалымжан, букмекерлерге мұндай жобаның қажеті қанша?
— Коронавирустың алғашқы толқыны басталған кезде букмекерлік кеңселердің басшылары көптеген отбасыларға емделуге көмектескен болатын. Олар достарының, таныстардың, жақындары мен көршілердің ауырып жатқандарына бей-жай қарай алмады. Бірақ көп ұзамай мұндай көмектің тиімсіз екеніне көз жеткіздік. Өйткені біреуіне көмектесіп жатқанда, тағы он адам көмекке мұқтаж болады. Біз өз ортамызда тығыз қарым-қатынастамыз. Ал мұнда ортақ бір ғана мәселе бар, ол: коронавирус

Қазақстандағы букмекерлердің өзін-өзі реттейтін ұйымы Дыши.kz жобасын қолға алды. Жобаның мақсаты – коронавирустан сақтану үшін барлық мұқтаж жандарға көп реттік бетперде сыйлау. Бұл туралы Қазақстандағы букмекерлердің өзін-өзін реттеу ұйымының атқарушы директоры Ғалымжан Дуамбеков айтып берді.

оларды кейін жойып, қайта өндіруге тура келеді.
Баға жағы да түсініксіз.
Арзандағаны рас. Бұл ұсақ нәрсе 20-30 теңге, ол негізгі қымбат болып саналады. Үш қабатты ең жақсы



ЕЛІМ, АМАН БОЛ!

пен карантин. Ойлана келе, бүкіл күшіміз бен қаржымызды біріктіруіміз қажет деп шештік. Қауымдастық мүшелері бірлесіп, біраз қаржы жинадық.

— Неліктен бетперде тарату туралы шешім қабылдадыңыздар? Сіздердің ауруханаларға қажетті медициналық жабдыктарды сатып алуға шамаларыңыз жетеді емес пе?

— Әуелгіде жабдыктар, оттегі баллондарын сатып алып, ауруханаларға табыстау туралы ой болды. Бірақ оның бәрі тиімсіз болып шықты. Тар салалық жабдыктар ауырған адамдарға ғана көмектеседі. Мұнда да көптеген кедергілер болды. Оның үстіне бұл жабдыктардың барлығын Денсаулық сақтау министрлігі қатан қадағалайтыны біз үшін жаналық болды. Көп құжат қажет екен. Сондықтан біз қажетті құрал-жабдықты сатып алып, елге әкелсек те, онымен келенде тұрып қалу қаупі бар еді. Қағаздарды алу, сертификаттау кезеңіндегі кідіріс... Жабдықты ауруханаларға табыстау кезінде көптеген қиындықтар туындауы мүмкін. Ол науқастарға қашан жетеді? Сондықтан біз қарапайым жолмен жүруді шештік. Аурудан қорғаудың ең қарапайым тәсілі — бетперде кию. Сөйтіп мұқтаж жандарды індеттен қорғайтын бетпердемен қамтамасыз етуді қолға алдық.

— Бүгінде бетперде тапшылығы жоқ. Сонымен қатар, Бәсекелестікті қорғау комитеті жақында маска өндірушілерімен және дөріханалармен келісім жасасты, бетперде енді 26 теңгеден сатылатын болады. Сіздерде қандай ерекшелік бар?

— Қандай бетперде жасау керек деп ұзақ ойландық. Бір реттік сатып алу керек пе, әлде көп реттік бетперде тігу керек пе? Бастапқыда бір реттік бетпердеге тоқталдық. Бірақ қаладағы кез келген аялдаманы қаранызшы, қолданылған бетперде қоқыстарда толып жатыр. Алматы 5 миллион масканы тұтынады. Олар табиғи емес материалдардан жасалған, сондықтан олар шірігенге дейін ұзақ жылдар өтеді. Бұл табиғатты ластау деген сөз. Қазір бәріміз тағып жүруіміз керек болғандықтан, олар полиэтилен пакеттерімен бірдей проблемаға айналды. Бетперде керек, бірақ

бетперденің өзі бір күнге ғана жетеді. Ал бір реттігі екі сағатқа ғана. Содан кейін оны лақтыру керек. Сонда жұмыс істейтін адамға күніне кем дегенде бес маска қажет. Бесеу!

— Бір жұмыс күніне арналған жиынтық 130 теңге тұрады. Айына үш мың теңгеден астам.

— Біздің ойымызша, бұл тым көп. Әсіресе, қазір көптеген

пайдаланылады. Өйткені қоғамдық орындарға онсыз кіргізбейді. Жағдайы нашар жандар ғана емес, тіпті ақшасы бар адамдар да солай жасайды. Бетпердені қалтана салсаң, кедергі келтіреді. Бір жерге қойсаң, ұмытып кетесің. Сондықтан әр жерге бірнешеуден салып қояды. Мұндай кезде, қорғаныш туралы қалай айта аламыз? Бұл бетперделер өте қауіпті. Өйткені бізге ешкім жеке қорғаныс құралдарын қалай қолдануды үйретпейді.

— Демек, сол себепті табиғи материалдардан көп реттік маска жасауды ұйғардыңыз ба?

— Біздің тапсырысымыз бойынша дизайны жасалды. Ең алдымен бетперде тағуға ыңғайлы және жайлы болуы керек. Сондықтан тек табиғи материалдар тандалды. Ол адамды тек қорғап қана қоймай, сонымен қатар эстетикалық тұрғыда әдемі болсын делдік.

— Бетперде ел ішінде тігiлдi ме?

— Шығыс Қазақстандағы тігін фабрикаларының бірінде. Бірінші кезеңде аса көп емес, 200 мың дана ғана тігілді.

— «Тыныс ал» шарасы қай жерде және қашан өтеді?

— Бұл мәселе әсіресе қала үшін аса өзекті болғандықтан, біздің іс-шаралар қалаларда өтеді. Біз

қазақстандықтар жұмыссыз қалып, ақысыз демалысқа кеткен кезде. Егер сіз мәселеге тереңірек



үңілсеңіз, басқа деректер де анықталады. Біздің азаматтардың көпшілігі ай сайын бетпердеге 3000 теңге жұмсай алмайды. Сондықтан көпшілігі оңайырақ жолын іздейді. Олар бірнеше күн, тіпті бірнеше апта бойы бір бетпердені тағады. Өтіп бара жатқан адамдарға мұқият қаранызшы, ескі бетперде тағып алған. Қала тұрғындарының жартысы солай жасап жүр. Бастысы «бетперде тағып жүрміз» дейді. Негізінен бетперде дүкенге бару немесе автобуска отыру үшін

тікелей көшелерде таратамыз. Кім бетпердесіз жүрсе, біздің ерікті оған келіп, екеуін ұсынады. Табиғи мақпадан жасалғандықтан, оны жууға болады. Алматы мен Нұр-Сұлтанның бастаймыз. Сәл кейінірек жоба елдің басқа қалаларында өтеді. Бірде-бір ірі қаланы қалыс қалдырмаймыз.

— Ғалымжан, бетпердені кім таратады?

— Еріктілер. Соның ішінде букмекерлік кеңсенің қызметкерлері. Біздің еріктілерді тану оңай. Олар «Дыши.kz» деген жазуы бар кара маска тағады және қолғап киеді. Біз зерттеу жүргізгенде, бетперде тарататын адам қарапайым киім киюі керектігіне көз жеткіздік. Қорғаныс костюмдегі адамдар көпшіліктің үрейін туғызды. Олардың қолынан ешкім ештеңе алмайды екен.

— Ал егер сіздерге тікелей хабарласса, бетперде алуға бола ма?

— Әрине. Біз «Дыши.kz» жобасының сайтын аштық. Сіз сол жерде тіркеле аласыз немесе сонда көрсетілген телефон нөміріне қоңырау шалуға болады.

Жандарбек АСТАНАЕВ,
Алматы

Депутат сауалы

Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаевтың НАЗАРЫНА!

Құрметті Ерлан Заманбекұлы! Соңғы жылдары ІІМ қызметін жетілдіру, атап айтқанда, жол қозғалысы бойынша көптеген жұмыстар атқарылды және атқарылып та жатыр, оған ел тұрғындарының көпшілігі риза. Оның басты себебін Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев кеңейтілген алқа отырысында: «Ішкі істер министрлігі мен оның бөлімшелері құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуде мемлекеттің басты тірек күші болды және болып қала береді» деп атап көрсетті. Сонымен бірге аталмыш құрылымның жұмысын реформалау үшін нақты және

адамдарға шақталған сұрақтарға қарағанда өзгеше болуға тиіс. Ал бізде олар осы жалпы тестілер бойынша емтихандарды қайта тапсырады.

6) Мамандандырылған ХҚКО-ларда жұмыс істеп тұрған автодромдар мен емтихан машиналары моральдық және физикалық тұрғыдан ескірген, жол қозғалысының қазіргі заманауи талаптарына сай келмейді. Халықаралық тәжірибені де ескерген жөн. Біздіңше, бұл жерде мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті пайдалану үшін үлкен мүмкіндіктер бар. Бұл мәселе бойынша ІІМ қандай шаралар қабылдамақ?

КӨЛІК ЖҮРГІЗУШІГЕ АТ АРБАНЫҢ ҚАЖЕТІ ҚАНША?



мазмұнды ұсыныстар қажет екендігін айтты.

БАҚ-тың хабарлауынша, қазіргі уақытта сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет жүргізуші куәліктерін заңсыз беру фактілері бойынша қылмыстық істер тергелу үстінде. Олардың саны да кісі шошытады — 2,5 мыңнан астам заңсыз берілген жүргізуші куәлігі. Бұл тек Нұр-Сұлтан қаласы бойынша ғана. Мұндай қылмыстар Қазақстанның басқа өңірлерінде де анықталды. Бұл біздің еліміздің ұлттық қауіпсіздігіне қауіп төндірді ықтимал. Өйткені адамдар мерт болып, материалдық шығындар келтірілуде. Бәрінің де статистикасы белгілі.

Осыған байланысты, біз ішкі істер министрлігінің басшылығына мынадай сұрақтарды қойсақ дейміз:

1) Қолданыстағы жол қозғалысы ережелерін жаңартып, онтайлату тұрғысынан қайта қараудың уақыты келген жок па?

Мысалы, жол қозғалысы ережелеріндегі жол белгілері — теміржол бекетіне, өткеліне жақындау деген 1-қосымшасында алты белгі көзделген. Біздіңше, жүргізуші үшін жұрттың бәрі білетін бір белгі де жеткілікті сияқты.

Жол қозғалысы ережелерінде осындай күрделі нормалар өте көп. Бұл не үшін қажет? Бұл жол полициясы қатарында сыбайлас жемқорлық әрекетіне жол ашады емес пе?

2) Жүргізуші болам деген үміткерлерге арналған емтихан сұрақтары да қайта қарауды қажет етеді. Жалпы барлығы 1000 сұрақтың ішінен әрбір тестте 40 сұрақ бар. Осы 40 сұрақтың кем дегенде 34 сұрағына дұрыс жауап беру керек. Егер осы сұрақтарға қарасақ, олардың көбісі пайдасы жоқ сұрақтар. Мысалы, ат арбасына қатысты сұрақтар және т.б.? Көптеген сұрақтар пайдасыз болғанының үстіне, жекелеген жол полициясы қызметкерлерінің өздері мойындап отырғандай, олардың ешқайсысы да сол сұрақтарға дұрыс жауап бере алмайды. Бұл өзін-өзі білгендікке немесе қызметті теріс пайдалануға жағдай туғызбай ма?

3) Емтихан сұрақтары түзілімдерінің өзі, біздіңше, қайта қарауды қажет етеді. Мысалы, қолданыстағы құрылым екі бөліктен — теория мен практиканың тұрады. Бірақ емтихан тапсырушының белгілі бір жол қозғалысы жағдайына қатысты жауап беру уақытын бағалау мен логика бойынша сұрақтар жоқ. Ал жүргізушілер белгілі бір тану белгісіне реакцияның қаншалықты маңызды екенін біледі. Бұл назардан тыс қалған. Бұл проблеманы шешу керек және емтихан бұл үшін сүзгі болуы тиіс.

4) Тесттерде қазіргі заманғы автомобильдердің бүгінгі техникалық сипаттамалары туралы сұрақтар жоқ. Сұрақтар «Жигули», «Москвич» және бұрынғы КСРО-ның басқа автомобильдерінің техникалық мүмкіндіктеріне негізделген. Мысалы, қазір ABS, SRS, ASC, антизанос, антибукс және басқа да белгілер бар. Бұл белгілерді бәрі бірдей біле бермейді және оларды қалай пайдалану керектігін білмейді. Тесттерде оларды қолдану бойынша білім мен дағдыларды анықтайтын сұрақтар жоқ. Осыған байланысты, тесттер өмір талабына сай қайта қарауды қажет етеді. Сонымен қатар жүргізу тәжірибесіне уақыт мерзімін көбейту қажет. Теорияның аты — теория, алайда практиканы ештеңе алмастыра алмайды.

5) Жүргізуші куәлігінен айырылған адамдарға қойылатын сұрақтар жүргізуді енді үйреніп жүрген

7) ІІМ жүргізуші куәлігінен айырылған адамдарға сақтандыру полистерін бермеу үшін жол қозғалысы қағидаларын бұзушылар туралы деректерді бірінғай базаға біріктіруге тырысады. Бірақ бұл базаға еңбеген сақтандыру компаниялары бар және бұл компаниялар жүргізуші куәлігінен айырылған адамдарға сақтандыру полистерін беруді жағастыруда. Атап айтқанда, FreeDom деген бір ресейлік компания туралы айтып отырмыз. Деректер базасы шынымен бірінғай база болуы үшін және ешқандай айрықша жағдайларды болдырмау үшін не істелініп жатыр?

8) Жол қауіпсіздігін арттыруда Елорданың тәжірибесін бүкіл елімізге таратуды ұсынамыз. Жүргізуші құқығынан айырылғандардың көлік нөмірі «Сергек» жүйесіне енгізілген. Екі апта ішінде 108 өрескел бұзушылықты анықтаса, соның 9-ы жүргізуші құқығынан бұрын айырылғандар екен.

9) Осы сауалды дайындау кезінде бізге бір көзі көрмейтін адамдардың көлік құралын жүргізгені туралы белгілі болды. Осыған байланысты, денсаулық сақтау министрлігінің «Адамдардың көлік құралын басқаруына тыйым салатын медициналық қарсы көрсетілім тізбесін бекіту туралы» 2015 жылдың 4 қарашасындағы №853 бұйрығын зерделеу, шын мәнінде, абсолютті қарсы көрсетілімдер (екі көздің зақимдығы) бар екенін көрсетеді — 1.4. 2-тармақ және салыстырмалы қарсы көрсетілімдер — 2.3.2-тармақ — бір көзі соқыр адамдар не жүргізе алады, не жүргізе алмайды (салыстырмалы түрде, яғни субъективті бағалау). Мұндай субъективті бағалау болмауы үшін не істеу керек?

10) «Жол жүрісі туралы» Заңға сәйкес, жолаушыларды тасымалдау бойынша басқаруға үміткер адамдарға белгілі бір талаптар қойылады. Бірақ өмір көрсетіп отырғандай, автобустардың қатысуымен болған апаттар, өкінішке қарай, жиі кездеседі. Адамдарды жаппай тасымалдау арқылы көп ақша табуға деген құштарлық кейбір азаматтарды талап етілетін «D» санатындағы жүргізуші куәлігін күмәнді әдістермен алуға итермелейді. Бұл талап етілетін еңбек өтілін жасауды түрде арттыру, құжаттарды бұрмалау, ауруларды жасыру және т.б. Осыған байланысты бұл санаттағы емтихандарды тапсыруға үміткерлерді іріктеуді, бәлкім, қатаңдату қажет. Бұл өткен жылы жол жүрісі қағидаларын бұзудың болмауын, есірткі мен спирттік ішімдіктерді пайдалануға байланысты өкімшілік бұзушылықтардың болмауын тексеру. Қажет болған жағдайда, осы санаттағы жүргізуші өтіліне, жасына және т.б. сараптама жасау керек. Ел халқының басым көпшілігі болып табылатын жолаушылардың өмірі мен денсаулығына қауіп-қатер төнуі мүмкін.

«Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 27-бабына сәйкес, жауапты заңда белгіленген мерзімде жазбаша беруді сұраймыз.

Дархан
МЫҢБАЙ,
Мәжіліс депутаты



Арнаулы сұхбат

Атырау облысы дін істері басқармасы деструктивті діни ағымды ұстанушыларды дерадикализациялау, экстремизмге қарсы іс-әрекет, теріс пиғылды ағымдарға тосқауыл қою, деструктивті діни ұйымдар үгітінің алдын алу бойынша көш бастап тұр. Жыл басынан бергі 10 айда облыс бойынша діни теріс ағымның 16 мыңға жуық akkaунты бұғатталып, жойылған. Осы және өзге де мәселелер жөнінде Атырау облысы дін істері басқармасының басшысы Қайролла Көшқалиев газетіміздің батыс өңірдегі тілшісіне әңгімелеп берді.

Jas qazaq: Қайролла Дүйсешұлы, сіз басқарып отырған Атырау облысы дін істері басқармасы интернет желісіндегі діни теріс ағымдарды анықтау мен бұғаттау жұмыстары бойынша республикада көш бастап, 1-ші орында тұрсыздар. Бұл жетістікке қалай жеттіңіздер?

Қ.Көшқалиев: Біз өз жұмысымызда әлеуметтік желілердегі сайттар мен akkaунттарды бақылайтын арнайы бағдарламаны қолданамыз. Бағдарлама бізге деструктивті ағымның akkaунттарын, сайттарын көрсетіп беріп, соның ішінде топқа бөліп, сол жерде отырған адамдарды тауып беруі арқылы жұмысымызды жеңілдетіп отыр.

Бұл жоба облыс аумағында әлеуметтік желіде тіркелген барлық тұрғындардың паракшаларына автоматты түрде мониторинг жасап, діни теріс бағыттағы материалдар табылған жағдайда, оны толық зерттеуге мүмкіндік береді. Осындай зерттеулердің нәтижесінде жергілікті ақпараттық талдау орталығы соңғы 10 айда 16 мыңға жуық akkaунт анықталды. Біз бұл жұмысты 2016 жылы 2 маманмен интернетте отырып іздеуден бастадық. Ол кезде бұл бағдарлама жоқ болатын, әлеуметтік желіде экстремистік бағыттағы akkaунттарды тауып, есепке алғанда «Енді осы табылған материалдарды қалай бұғаттауға болады?» деп бас қатыратын едік. Қай маманның қолы бос болса, сол компьютерге отырып іздейтін еді. Ол жылдары «Интернет ресурстары және әлеуметтік желілерді зерделеу» деген арнайы бөлім әлі ашылмаған болатын.

2017 жылы автоматтандырылған бағдарламаны түсіндіргенде, тез меңгеріп кеттік. Екі маманды осы жұмысқа байладық. Бағдарламаны қолға алып, іске кіріскен кезде алдымыздан діни теріс ағымдар шоғырланған қоқыс аланы шыға келді. Интернетке кіріп ислам деп басып қалғанда ең бірінші солардың уағызшылары, мысалы Дарын Мубаров, шейх Фаузан, тағы басқаларының уағыздары алдымыздан өріп шықты.

Күні бүгін анықталған 4 804 материал дінтану сараптамасында жатыр. Террористік, экстремистік бағыттағы 10 485 материал бұғатталды. Біз осындай үлкен нәтижеге жету үшін 4 жыл бойы тынбай еңбектеніп келеміз.

Jas qazaq: Бүгінде ел халқының басым бөлігі күндіз-түні әлеуметтік желіде отырады. Олар интернеттен қалаған ақпаратына қол жеткізе алады. Енді осы әлеуметтік желідегі діни теріс ағым уағызшыларына бәсекелестік қалыптасты ма?

Қ.Көшқалиев: Діни бағытта ақпарат іздеген адам интернетке кіріп, «ислам» деп жазып іздеген кезде олардың алдынан біздің имамдардың, дін мамандарының материалдары неге тұрмасқа? Өкінішке қарай, бұл бағдарлама бұдан 10-15 жыл бұрын шыққанда әлеуметтік желі бүгінгідей болмас еді. Біз әлеуметтік желі теріс ағымның уағызына толғанда, оның қандай қауіп-қатері барын, экстремизм идеяларымен уланған адамдардың сайттарын бұғаттамай, оларға әкімшілік немесе құқық бұзушылық кодексі бойынша шара қолданбайынша интернеттің тазармайтынын түсіндік. Лас суға аппақ, таза суды құя берсең, ол су бірте-бірте тазаралы емес пе? Міне, сондықтан біз әлеуметтік желіні тазартқан сайын, оның орнын басатын ҚМДБ мамандарының бәсекелестікке қабілетті akkaунттарын көбейте беруіміз керек. Аланды соларға тазартып беруіміз керек. «Дінге бет бұрдым» деген адам интернетке кіргенде ҚМДБ-ның материалдарына тап келуі үшін Бас мүфтиден бастап имамдар, теологтар, дін мамандарының материалдары, уағыздары сол жерде тұруы тиіс. Жергілікті имамдар да өз облыстарында әлеуметтік желіде белсенді жұмыс істеуі керек. Мысалы, Атырау облысындағы 70-ке жуық имамның топтары болуы керек. Ал топ ашып, уағыз айту үшін ең бірінші олардың діни және компьютерде жұмыс істеу сауатын көтеру қажет. Қазіргі имамдар заманға сай болуы керек. «Заманың түлкі болса, тазы болып шал» дегендей, олар тек қана діни біліммен шектелмей, өз паракшасын сауатты жүргізе білгені жөн. Мысалы, Дарын Мубаров биыл қыркүйек айында 2 аптаның ішінде желіге 25 діни теріс ағымның материалын (*видео*) салған. Қазақстан ғаламторында бір айда 3 000 000-ға жуық діни теріс уағыз таратылады. Ал осы бағыттағы жұмыс, яғни әлеуметтік желіде діни материал жүктеу Қазақстан аумағында тек қана ҚМДБ-ның тарапынан болуы қажет.

Jas qazaq: Дарын Мубаров қандай материалдар салған? Ол жауапқа тартылған шығар?

Қ.Көшқалиев: Бүгінде әлеуметтік желіде ақпараттық соғыс жүріп жатыр. Д.Мубаров сурурит бағытындағы материалдарды, салафит шейхтарының сөзін салған. Әрине, олардың видеолары бұғатталды. Ол енді жергілікті жерлердегі басқарманың құзырындағы жұмыс. Егер ол Атырау облысында тұратын болса, біз ондайға жол бермес едік. Заңға орай шұғыл қимылдап, әлеуметтік желідегі паракшаларын бұғаттап, әрі қарай заң шеңберінде шара қолданар едік. Д.Мубаровтың материалдарын жүктеп, таратып жүрген атыраулықтар әкімшілік жауапкершілікке тартылып жатыр. Сондықтан жастарымызды заңға қарсы шықпауын ескертеміз. Жергілікті жерлердегі дін істері басқармалары осындай автоматтандырылған бағдарламалар арқылы оларды шетінен бұғаттап, әлеуметтік желіде діни теріс ағым өкілдеріне орын қалдырмауы қажет. Босаған орындарды ҚМДБ мамандары өз материалдарымен толықтыруы керек. Біз 10 топты жойып жібердік пе, ҚМДБ оның орнына 20 топ ашуы керек. Бәсекеге қабілетті болған жағдайда ғана жұмыста нәтиже болмақ.

Jas qazaq: Бұл жұмыстар ҚМДБ тарапынан қолға алынып жатыр ма?

Қ.Көшқалиев: Өкінішке қарай, әлі ондай деңгейге жеткен жоқпыз. Айтып кеттім, олардың

бәрі компьютерді жетік меңгеріп, әлеуметтік желіде өз паракшаларын жүргізе білуі қажет. Мысалы, Ресейдің дін өкілдері әлеуметтік желіде өте белсенді. Олар тіпті көлікте келе жатып тікелей эфирге шыға береді. Оған тұрғындар сұрақ қойып, жауабын да алып жатады, яғни олар жан-жақты деген сөз. Бізге осындай белсенділік жетпейді.

Jas qazaq: Атырау облысы дін істері басқармасының мамандары жақында еліміздің біраз облыстарында болып, өз тәжірибелерімен бөлісіп қайтты. Әлеуметтік желідегі діни теріс ағымдармен жұмыс жүргізу Атырау облысына қарағанда өзге облыстарда неге баяу жүруде?

Қ.Көшқалиев: Жалпы идеологиялық жұмысқа өз ісіне берілген, жан-жақты білімді белсенді мамандар аса қажет. Еліміздегі барлық дін істері басқармаларында біздегідей автоматтандырылған бағдарлама бар. Бірақ жұмыс нәтижесі әр облыста әр түрлі. Мен өзге облыстағы әріптестеріме қойылатын бұл сұраққа былайша жауап берер едім. Бала, мейлі ол жасөспірім болсын, мейлі ержеткен болсын, ата-ана үшін ол бәрібір бала болып саналады. Ол ата-ананың бақылауында болуы міндетті. Ата-ананың бақылауы болмаған немесе бақылауға көнбеген жастар теріс ағымға ілесіп кетіп жатыр. Бір ата-ана маған келіп: «Мен қолымнан келгенше бақылауымды жасап жатырмын. Әйтсе де, балам теріс ағымға бет бұрды. Ал сіз осы жастардың аласпауы үшін не істеп отырсыз?

Қайролла КӨШҚАЛИЕВ,

Атырау облысы дін істері басқармасының басшысы:

«ЛАС СУҒА АППАҚ, ТАЗА СУДЫ ҚҰЯ БЕРСЕҢ, СУ БІРТЕ–БІРТЕ АҒАРАДЫ»

ТЕРІС УАҒЫЗ ТАРАТАТЫН 16 МЫҢ АККАУНТ БҰҒАТТАЛДЫ



Интернеттегі теріс ағымды таратып отырған akkaунттарды бұғаттап, жойдыңыз ба? Олай болмаса неге бұғаттамайсыз?» десе, мен не деп жауап беремін? «Менде автоматтандырылған бағдарлама жоқ» деп өтірік айта алмаймын ғой. Міне, сондықтан халықтың, қазақтың, елдің бірлігі мен тыныштығы үшін күні-түні жұмыс істеуге тура келеді.

Күні бүгін Атырауда болып жатқан мәселе 4-5 жылда басқа облыстарда да үлкен мәселеге айналады. Әзірге әлеуметтік желіде ұстайтын, экстремистік пиғылымен ұсталып, сотталатын адамдары бүгін болмаса, 3-4 жылда олар пайда болады. Өзге өңірдегі әріптестер сол кезге дайын отыру керек. Мақтан үшін айтпаймын, әр өңір Атырау облысындай жұмыс істесе, яғни ел бойынша белсенді жұмыс істесек, әлеуметтік желіні деструктивтік материалдардан бір жылда тазартып тастауға болады. Мысалы, Америкада экстремистік бағыттағы материалдарды интернетте жариялай алмайсың. Жарияладың ба, жарты сағатта саған есік қағып, жетіп келеді, Неге? Себебі, оларда бәрі автоматтандырылған, интернетке кіріп бір экстремистік жазба қалдыратын болсаңыз, сол мезетте-ақ жауапқа тартыласыз. Оларда біздегідей жүгенсіздік жоқ. Біздегідей желіге экстремистік материалдарды салып тастап, адамдардың санасын улап, арқасын кеңге салып жүрген akkaунт иелерін кездестірмейсіз. Неге десеңіз, халыққа заңға қайшы іс-әрекеттерді жеткізіп, оны қадағалап, бақылап отыратын орган болғанын, тұрғындар өзін-өзі тәрбиеле шықарлады. Осы бағытта еліміздің барлық өңіріндегі дін істері басқармасы ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 490 және 453-баптарын тұрғындарға жан-жақты түсіндіруді қолға алу қажет деп есеп есептейміз.

Jas qazaq: Бүгінде діни ақпараттарды әлеуметтік желіге кез келген адам жүктеп отыр. Мысалы, елге танымал, бірнеше мыңдаған жазылушылары бар онші қыздар намазға жығылып, хиджабты насихаттап, қыздарды намаз оқуға шақырып жатыр. Олар тіпті «бүгін 5 қыз намазға жығылды, ертен пәлен қыз келеді» деп ашық жарнама жасап отыр. Бұларға тыйым салатын заң керек емес пе?

Қ.Көшқалиев: Иә, әлеуметтік желіде кез келген адамның діни насихат жүргізуге құқығы жоқ. Бұл жұмысты тек қана дін өкілдері жүргізуі

ДІН-ДІНГЕК

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz



кәпірлер елі» деп Отанын сатып кетті. Адамның сана-сезімі уланса, Отанын сатып кетуге дейін барады. Олар үшін бұл түкке тұрмайды.

Jas qazaq: «Жусан» операциясымен келген әйелдермен қандай жұмыс атқарылып жатыр? Кейбіреулері деструктивтік ағымды ұстанушыларға күйеуге шығып кетті деген ақпарат бар ғой.

Қ.Көшқалиев: «Жусан» операциясымен өңірде 24 әйел, 80-ге жуық бала оралған болатын. Оларды оналту бағытындағы жұмыс белсенді жүріп жатыр. Аптасына екі рет діни сауатын ашатын сабақ жүреді. Шара онлайн режимінде өтеді. Бірақ көзбе-көз өткізетін жұмыс болса, карантин талабын сақтай отырып атқарып жатырмыз. Иә, рас, елге оралған 3-4 азаматша деструктивті ағымдағы адамдарға екінші әйелі болып күйеуге шығып кетті. Олармен сөйлескенімде «Біз тұрмысқа шығып, балаларымызды асырауымыз керек», — деді. Бірақ олар күйеуге шықса да, күйеулерінен материалдық көмек алып отырған жоқ. Біреулері интернет бойынша басқа өңірдің азаматымен танысқан. Олар Атырауға келіп, әйелдермен некесін қиып алып, «Баяғы ұстанымына» басып жүр. Некесін қиып жатқан да баяғы «браттары — ахилар».

Оларға «Баяғыда сіздердің некелеріңізді осы «браттарыңыз» қиды, ақыры Сириядан бір-ақ шығып, елге өзер дегенде оралдыңдар, қалғандары сол жақта мерт болды. «Жаздық-жанылдық» деп келіп алып, баяғы жолға түсіп, некелеріңді тағы да «браттарына» қидырып жатырсындар. Неге мешітке барып имамға қидырмайсындар?» десем, «Имамға қидыруымыз керек пе?» деп қарап отыр. Әйелдерге «жаксылап

танысып, қарандар, асықпандар» деп кеңес беріп жатырмыз.

Jas qazaq: Олар Сириядан күні кеше келді емес пе?

Қ.Көшқалиев: Бәрі бірдей емес, әрине. Балаларын адам етулі мақсат етіп, сол жолда тырысып жүргендері де бар. Кейбірі қазір шетелдік компанияларда жұмыс істейді. Кейбірі өз кәсібін ашып алды. Қысқасы, олармен оналту жұмыстары жүріп жатыр.

Jas qazaq: Олармен жұмыста тағы қандай мәселелер, қиындықтар бар?

Қ.Көшқалиев:

Қақтығыс аймақтарынан оралған әйелдердің күйеулерінің мәртебесі (*статусы*) белгіленбей отыр. Мемлекеттік органдардан күйеулерінің із-түссіз жоғалғаны немесе қайтыс болғаны жөнінде анықтама алу мүмкін емес. Сол себепті көпбалалы, жалғызбасты әйелдер атаулы әлеуметтік көмек пен балалардың жәрдемақысын ала алмайды. Осы тұрғыда жоғарғы органға ұсыныстар берілді. Тағы бір мәселе — электронды карта. Экстремизм мен терроризмді қаржыландыру қылмыстық бабымен жазасын өтеп шыққандарға күнделікті өмірлеріне қажетті қаржылық операцияны жүргізу үшін банктер мен өзге де мекемелер тарапынан қойылған шектеу үлкен қиыншылық туғызуда. Олардың аты-жөні соттың шешімімен қаржылық операция жүргізуге тыйым салынғандардың тізіміне кіргізіліп, қаржы министрлігінің қаржы мониторингі комитетінің

ортақ базасына енгізілген. Сондықтан олар жазасын толық өтеп шыққандарына қарамастан, екінші деңгейлі банктерден жеке қарточка ашуға, еңбекақысын толық алуға, мемлекетке салық төлеуге, сақтандыру компанияларымен келісімшарт жасауға, дербес шоттарынан дәрі-дәрмек, азық-түлік, киім-кешек алуға, коммуналдық қызмет түрін төлеу мүмкіндігі болмауда. Қаржылық мониторингі комитеті қолданатын осы шектеу сотталып шыққандардың қоғамға бейімделуіне кедергі келтіруде. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар қатарына қосылуға итермелеуде. Сондай-ақ кейбірінің деструктивті діни ортаға қайта оралуына себеп болуда. Басқарма бұған қатысты ұсыныстармен жоғары жаққа бірнеше рет шықты.

Jas qazaq: Қайролла мырза, еліміздегі қазіргі діни ахуал қандай деп ойлайсыз? Діндегі адасушылықтың алдын алу үшін әлеуметтік желіні бұғаттаудан басқа не істеу керек?

Қ.Көшқалиев: Діни адасушылықтың алдын алу үшін, ең бірінші, біз дінтанушы мамандарды көптеп оқытуымыз керек. Мектепке дінтану пәнін енгізіп, дінтанушыларды жұмысқа алу керек. Мектепте балаларға христиан, ислам діні, тағы басқа діндер туралы түсінік берілсе, Ханафи мазхабын ата-бабамыздың жолы деп түсіндірсе, бала өсе келе адаспайды. Ал уланған баланы ол сенімінен шығару үшін бізге көптеген жұмыстар істеуге тура келіп жатыр.

Жалпы интернеттің пайдасы мен зияны бірдей. Интернет бізді құндылықтарымыздан, салт-дәстүрімізден айырып жатыр. Себебі, Батыстың фильмдеріне дейін біздің ділімізге жат. Діни адасушылықты айтпағанда, балалар ұлтымызға жат пиғылдар мен мінез-құлықтарды да сол Батыстың фильмдерінен жұқтыруда. Мұны қазақтың қанына жасалып жатқан шабуыл деуге болады. Сондықтан интернеттің жақсы жағын ғана пайдаланып, ұлтымыздың діліне қереғар тұстарынан аулақ болуымыз керек. Құзырлы органдар, мемлекеттік мекемелер, министрліктер бар, елімізге бөгде ақпараттарды кіргізбеу үшін әлеуметтік желіні үнемі назарда ұстап, жат ағымдарды лезде бұғаттап отыруымыз керек.

Jas qazaq: Әңгімеңізге рахмет!

Ұлдай САРИЕВА,
Атырау қаласы



Біреулер «екі қолға бір күрек» жоқ десе, 73 жастағы алматылық әжей кәсіп ашып, жұмыс істейтін жастарды таба алмай жүр. Бекзада Нұрханқызы – зейнеткер, екінші топтағы мүгедек. «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасы бойынша бизнес жоспарын қорғап, үкімет грантымен тігін цехын ашты. Енді әжей кәсібін дөңгелету үшін шәкірт тәрбиелеп, білгенімді жастарға үйретсем дейді. Бекзада әжей өз кәсібі жайында әңгімелеп, ой-арманымен бөлісті.

Алматы қаласы Алатау ауданына қарасты Ақбұлақ шағынауданында тұратын әжей әңгімесін өмір тарихынан бастады: «Мен 1948 жылы 15 қаңтарда Өзбекстанның Бұқара облысы Тамды ауылында дүниеге келдім. Қазақстанға 1992 жылдың күзінде көшіп келдік. Көшіп келуімнің де өзіндік себебі бар. Үш баланың анасымын. Жолдасыммен 8 жыл тұрдық. 1981 жылы жолдасым өмірден озды.

алып, оқуға түсуге бір балы жетпей қалды. Ондағылар қайта дайындалып, келесі жылы тапсыруына болады деді. Осылайша қызым бір жыл дайындалып қалаған мамандығына түсті. Қызыл дипломмен оқуын бітіріп, маман атанды».

Әжей екі дипломы болса да, мамандығы бойынша жұмысқа орналаса алмапты. Өзінің тігін тігуге деген шеберлігінің арқасында көрпе, киім-кешек тігіп, кәсібін дөңгелетіп жүреді. Бірақ Бекзада әжей өзінің жұмысына көңілі толмай, кәсібін үлкейтіп, кейінгі жастарға тігін шеберлігін үйреткісі келеді.

«Кәсібімді қалай үлкейтсем екен деген ойдың құрсауында жүргенімде бір күні теледидардан «Бизнестің жол картасы-2025» бағдарламасы туралы естідім. Ол бойынша мүмкіндігі шектеулі жандар, тіпті жасына қарамастан, кез келген жастағы адамдар кәсібін бастай алады екен. Жаңалықты естіген күннің ертесінде Алматы қаласы әкімдігіне келіп, «Осындай бағдарлама ашылыпты. Бұған қалай қатыссам болады?», — деп сұрадым. Ондағылар маған кәсіпкерлік бөлімінде жұмыс істейтін жігіттің аты-

келіншек «Апай сіз 3 млн теңгені не істейсіз? Ол соманы игере алмайсыз. Біз сізге 400 мың теңге ғана бере аламыз деді. Мен ол келіншекке былай жауап бердім: «Айналайын, мен сол ақшаны игеремін, кәсіпті істеймін» деп алдына келген жоқпын ба? Мен күнімді көріп отырған адаммын. Басымда баспанам бар, зейнетақым бар. Бірақ өзім білетін кәсіпті өзгелерге үйреткім келеді. Қазір біз Алматыда тұрамыз. Аяғын сыйдитып кетіп бара жатқан әйел затын көремін. Онын не қыз екенін, не болмаса кемпір екенін ажырата алмай қалдық. Әйел адамша киініп бара жатқанын көргім келеді. Әлде қазақтарда киім болған жок деп айтқын келе ме», — деп комиссия мүшесімен таласқаным бар. Сөйтсем, ол келіншек «Апай мен сізді түсінбеппін, өйткені қазақша білмеймін», — деп қысылды. «Онда мен сенін орысшанды білмеймін» дедім (әжей бір күліп алды).

танытқандары болса, жібереміз» деп еді, кейін хабарласпады. Не де болса, маған тігінші қызды Бейсен Құранбек тауып берер деп іздеп бардым. Күзде барған екем, ол еңбек демалысына шығып кетіпті. Өзімнің негізгі мақсатым — өзбек бір шапанын киіп жүр ғой, қазақтың баласы да жүн шапанын киіп алып, көлігін айдаса деген ой. Екіншіден, қалың күртешені түйе жүнінен киісе деген үміт. Содан кейін әйелдеріміз көйлек кисе деген үміт. Әрбір келіншек басына әдемі орамалын тағып жүрсе ғой деген үміт», — деді.

«Қыздарымыз жүр, шашын жайып тастаған. Көшеде кетіп бара жатады. Сидан-сидан етеді. Кемпірлер де кетіп бара жатады. Шаштарын қнып тастаған. Қазақтың қызы, келіншегі, әжесі өзіне лайық киім кесе деймін. Адамдарды қазақы тәрбиеге тәрбиелесем деймін. Ажырасу бізде неге көп? Ажырасу шетелдің ықпалынан болып жатыр. Біз келін болып түскенде шешеміз айтатын: «Елің — пірің, шырағым. Алтын босаға, қасиетті табалдырықты аттадың ба, сенің тіршілігің сол жерде. Бізден үміт күтпе» деп. Қазіргі аналар не дейді: «Ішіме сыйған бала, сыртыма да сыяды» дейді. Менің қызымның сегіз баласы бар. Өзіміз сияқты қарапайым отбасына келін болды. Үйге бала-шағасымен келеді. 1-2 сағат отырады, үйіне қайтады. «Менің үйімде саған орын жоқ» деймін қызыма. Әрбір ана осылай айтуы керек. Қазіргі қыздардың киіміне қарап, қарным ашады. Әсіресе, балабақша тәрбиешісінің киімін көрдім. Басында орамалы жоқ, жалаң аяк. Кірпік жалғанған, қас қайқайған. Қолдарында үлкен телефон. Ондай жерден бала тәрбиеленіп шықпайды ғой. Бала балабақшадан шаршап шығады. Себебі кешке дейін теледидарды қосып қояды. Тәрбиеші телефонымен әлек. Алғашқы төрт немеремнің балабақшасы дұрыс болды. Олар қазір өсіп, ер жетті. Менің айтып отырғаным

«ЖАСТАР ЖҰМЫС ЖОҚ ДЕП ӨТІРІК АЙТПАСЫН!» ДЕЙДІ ӨМІР БОЙЫ ЕҢБЕКТЕН ҚОЛ ҮЗБЕГЕН ӘЖЕЙ



«ҚЫЗДАРЫМЫЗ ЖҰР, ШАШЫН ЖАЙЫП ТАСТАҒАН. КӨШЕДЕ КЕТП БАРА ЖАТАДЫ. СИДАҢ-СИДАҢ ЕТЕДІ. КЕМПІРЛЕР ДЕ КЕТП БАРА ЖАТАДЫ. ШАШТАРЫН ҚИЫП ТАСТАҒАН. ҚАЗАҚТЫҢ ҚЫЗЫ, КЕЛІНШЕГІ, ӘЖЕСІ ӨЗІНЕ ЛАЙЫҚ КИІМ КИСЕ ДЕЙМІН.

Мамандығым — ақушер, әрі мұғаліммін. Өзбекстанда тұрғанда перзентхана мен мектепте қатар жұмыс істеп, балаларымды жеткіздім. Әкем аяқ киім тігетін шебер болатын, анам — тігінші. Менің тігіншілікке деген бейімім ата-анамнан дарыса керек».

Әжейдің елге көшіп келуіне үлкен қызы себепкер болыпты. Мектепті үздік бітірген қызы жоғары білімді Алматыда алғысы келген. «Қызым Бұқарада емес, Алматыда оқып, сол жақта қалғысы келетінін айтты. Қызымның бір ауыз сөзі үшін Алматыға көшіп келдік», — деді Бекзада әжей.

1989 жылы әжей Кисловодск қаласындағы демалыс орнына барған кезінде Алматыдан келген бір отбасымен танысып, телефон алмасады. Қызын оқуға әкелмес бұрын, сол отбасымен хабарласып, қызын оқуға түсіргісі келетінін айтады. Ал таныстары бірден бұл кісілерді Алматыға шақырады.

«Мен танысқан кісі мемлекеттік қызметте екен. Жаңылмасам, құрылыс саласында болуы керек. Алматыға келген бойда бізді күтіп алып, қызым барғысы келген оқу орнына апарды. Қызымның арманы — Нархоздың аудит факультеті. Ертесінде университетке барып, деканға кіріп мән-жайды түсіндірдім. Декан бірден «Қызыңыз түсіп кете ме, жоқ па, білмеймін. Бізде конкурс жоғары. Тапсырып көрсін» деді. Қызым емтиханнан төрт

жөнін берді. Бірден әлгі жігітке барып, бағдарламаға қалай қатысуға болатынын сұрадым. «Мамандығым бойынша емес, қолымнан тігін тігу келеді. Осы бағытта кәсіп ашуым үшін не істеуім керек» деп сұрадым. Ол бірден алдымен жеке кәсіп (ИП) ашуыңыз керек. Одан бөлек, бізден кәсіпкерлік бойынша курсқа қатысасыз деді. Сөйтіп курсқа қатыстым. Кілен жастардың ортасында жалғыз зейнеткермін. «Президентіміз қандай керемет, мүгедектігімізге қарамастан, бізге кәсібімізді ашып, жұмыс істеуімізге мүмкіндік беріп отыр» деп бақытты күйде жүрдім. Сөйтіп қолыма сертификатымды алып, әлгі жігітке қайта бардым. «Әрі қарай не істеуім керек» деп. Сөйтсем, сол жылғы гранттан қалып қалыппын, келесі жылғысына дайындалдым. Кателеспесем, 2016 жыл болу керек. Кәсіпкерлік бойынша жауапты жігіт бизнес-жоспар жазуға көмектесті. Осылайша арнайы комиссия алдында өз жобамды қорғадым», — деді.



«Комиссия алдына барып, елімізде теріден, жүннен қолданылған отандық өнім жасағым келетінін айттым. Ең алдымен, қазақтың шапанын тіккім келетінін түсіндірдім. Осы кәсіпті жастарға үйреткім келетінін де айтып өттім. Комиссия мүшесінде отырған бір

Бекзада әжей комиссия алдында бизнес жобасын сәтті қорғап, 2016 жылы 700 мың теңге қайтарымсыз грант ұтып алады. Ол ақшаға түзу тігетін, жиектейтін, кесте тігетіні бар, төрт мәшине сатып алады. Үйінің жанынан тігін цехын ашқан әжей өзімен бірге жұмыс істейтін серіктес іздей бастайды.

«Ең қиыны тігінші табу екен», — деп сөзін жалғады әжей. «Бір қызды алып едім жұмысқа, қолынан телефоны түспейді. «Балам-ау, телефонын не? Жұмыс істемейміз бе?» деп ескертіп отырамын. Ақыры, ол қыз жұмысты жарыптады. Кейін бір таныс келіншек «Апа, қалада «Аналар үйі» деген бар. Жас босанған қыздар мекендейді. Сол жерден жұмыс істейтін қыздарды табуға болады» деп кеңес берді. Содан «Аналар үйінен» бір қыз келді. Кішкентай бөбегі бар. Жұмысты да тым жақсы істеп жүрді. Бірақ жанынан бір жігіт кетпейтін. Ақыры екеуі үйленді ме, ол қыз бірде келмей кетті. Содан кейін жас қыз болмайды екен, үйлі-баранды келіншек іздейін деп көрішімді жұмысқа тарттым. Өзі оқу бітірген келіншек. Тек декреттік демалыста болғаннан кейін бірігіп жұмыс істедік. Айтқандарымның барлығын тез үйреніп алды. Екеуміз тапсырыс алып көрпе, шапан тігін сата бастадық. Көйлек тігуде қиыншылық жоқ. Тек шапанда сырып тігуде қиналдык. Өйткені жүн біркелкі түсуі керек. Кейін базарға «ботина» деген материал келген

бүгінгі балабақша. Тәрбиеші деген инабатты, ізетті, тәрбиелі болуы керек емес пе? Бала тәрбиешіге қарап өседі. Мұғалімдер де сол. Кірпік, қас қайқиған. Табиғи түр қайда? Бет-аузы бояудан көрінбейтін мұғалімнен қандай тәрбие алады?» деген әжей қыз тәрбиесіне қатысты әңгімесін де жайып салды.

«Жұмыс жоқ дейтін жастар өтірік айтып жүр. Жұмыс деген телегей-теніз. Бірақ тырнағы бес батпан боялған қыз еңкейіп жұмыс істегісі келмейді. Егін ексе де жұмыс. Мал бақса да жұмыс. Көп жастар дайын креслода отырғысы келеді. Жастардың елу пайызынан үміт күтуге болатын шығар. Қалған елу пайызы шетелге кеткісі келеді. Жас әйелдердің өзі туғаннан баласына ағылшын, орыс тілін үйретеді. Жастар жұмыс істеуі үшін ең алдымен сұлулық салонын жабу керек. Салон дегенге қолында дипломы бар да, жоқ та барады. Бір бетті әрлейді де жатады. Бет пен шашқа тыныштық жоқ. Осындай қыздардан үрейленемін. Өстіп жүріп, қазақты жоғалтып аламыз ба деп қорқамын. Баяғы ұлағатты аталарымыз — Ыбырай Алтынсарин, Ахмет Байтұрсынов, бертін келе Бауыржан Момышұлы, Дінмұхамед Қонаев «қазақ» деп өтті. Олардың ізін жалғап келе жатқан жастарымыз жоқ емес, бар. Бірақ аз. «Балаларымыз өнегелі әке, қыздарымыз аяулы ана болса екен» деп армандаймын.



ЖАСТАР ЖҰМЫС ІСТЕУІ ҮШІН ЕҢ АЛДЫМЕН СҰЛУЛЫҚ САЛОНЫН ЖАБУ КЕРЕК. САЛОН ДЕГЕНГЕ ҚОЛЫНДА ДИПЛОМЫ БАР ДА, ЖОҚ ТА БАРАДЫ. БІР БЕТТІ ӘРЛЕЙДІ ДЕ ЖАТАДЫ. БЕТ ПЕН ШАШҚА ТЫНЫШТЫҚ ЖОҚ. ОСЫНДАЙ ҚЫЗДАРДАН ҮРЕЙЛЕНЕМІН. ӨСТІП ЖҮРІП, ҚАЗАҚТЫ ЖОҒАЛТЫП АЛАМЫЗ БА ДЕП ҚОРҚАМЫН.

екен. Соны алып шапанды тіге бастадық. Көбіне құдалыққа, Наурыз мерекесі сынды мейрамда киетін казак-өзбек шапандарын тігеміз. Осы жерде «Балалар үйі» бар дегенді естіп, балалар үйіне хабарластым. Өзін директордың орынбасарымын деп таныстырған бір келіншекпен сөйлестім. Оған мектепті аяқтап қалған қыздарға тігін тігуді үйреткім келетінін айттым. Ол өздерінде тігін мен тоқыма курсы бар екенін айтты. «Қызығушылық

Бірақ қазіргі қыздарымыздың қылығы дұрыс болмай тұр. Өйткені ол қыздардың шешесі дұрыс емес. Қазақта «Шешесін көріп қызын ал» дейтін сөз бар. Айналамызда баласын ерткен жас аналар жүреді. Шүлдірлеп түрі казак болса да орысша сөйлеп жатады. Ол өзін сыйламағандық қой. «Өз-өзінді сыйла, жат бойыннан түнілсін» дейді. Әрине, көпке топырақ шашпаймыз. Адам өзін сыйласа ғана ел болады. «Өз ағасын ағалай алмаған, кісі ағасын жағалайды» дейді. Сосын бір-бірін «Братишка, братишка» деп сөйлейтіндер бар. Оның орнына «аға, іні» деп айтса, қандай жарасымды. Бір-біріне «батыр» деп айтпайды. Марқұм Бейсен Құранбек «батырым» деп сөйлеуші еді. Оның бағдарламасын бүгінде сағынып отырамын. Жастар жұмыс істеуі үшін, ең алдымен казак қоғамы қайта құрылуы керек. Қазақтың тілі бірінші орында болуы керек. Мен сияқты ойлайтын үлкен кісілер көп. Бірақ оларды тыңдайтын құлақ жоқ», — деп аяқтады әңгімесін.

Жастарға қазақтың қара шапанын тігуді үйреткісі келетін әжейдің ізгі ниетіне сүйсініп, күш-қайраты сарқылмауын тіледік.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Аманат

Jas qazaq-тың электрондық поштасына өртүрлі хаттар келіп тұрады. Бұл жолғы хаттың жөні бөлек. Еуропадан келіпті. Кезінде тағдырдың бұйрығымен қазақ топырағынан жатжұртқа қоныс аударған, қазір Бельгияда жалғыздық азабын тартып жатқан көйуананың жанайқайы, жүрек сөзі екен. Ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Ырысалды Төкееваның аманатын газет бетінде жариялағанды жөн көрдік.

БАҚЫТТЫ ШАҚ

Менің 1962 жылға дейінгі өмірім мектеп құшағында бақытты балалықпен, университет қабырғасында жалындаған жастық жігермен өтті. Бірде-бір рет кедергіге кездескен жокпын. Бастауышты туған ауылымда бітіріп, орталауды Дөрбілжін (*КХР, Шыңжаң*) ауданының орталығынан оқыдым. Тарбағатай аймағының Шәуешек қаласында қыздар толық орта мектебін 1958 жылы бітіріп, сол жылы күзде Үрімжі қаласындағы Шыңжаң медицина университетінің емдеу ісі мамандығына қабылдандым. Ол жылдары медицина саласында ұлттық мамандар болмағандықтан, сабақ түгелдей қытай тілінде оқытылатын. 1962 жылға дейін 4 жыл тек ханзу тілінде оқып, оқуымды үздік дәрежеде жалғастырып отырдым. Оқушылық, студенттік жылдарымда мінезім мен оқу нәтижеде үздік болғаным үшін бастауышта пионер, онан кейін комсомол болдым. Оқушылар ұйымының жетекшісі, жатақханаға жауапты адам секілді қосымша міндеттерді де атқардым. Сурет салуға, мақала, өлең жазуға құштар болдым. Сол жылдарда көптеген әдеби кітап оқу арқылы көркем әдебиетке деген қызығушылығым оянып, қолыма қалам алып өзім де жаза бастадым. Университет өмірінен басқа саяси ұйымдарға, қозғалыстарға қатысқан емеспін. Тек қана жаксы нәтижемен оқу бітіремін деген мақсат қана болды.

ҚҰҒЫНДАҒЫ ӨМІР

Мен үшін күрделі кезең 1962 жылы басталды. «Қазақтар қоныстанған Іле, Тарбағатай, Алтай сынды үш аймақтың адамдары шекара асып, сәбетке (Кенес одағы) кетіп жатыр екен» деген әңгіме жер-жерден естілді. Студенттер арасында абыр-сабыр басталып кетті. Бірге оқып жатқан курстастарымның бірталайы оқуын тастап, сәбетке кететін болып паспорт алу жұмысына кірісіп кетті. Маған да бұрын ел ауғанда Қазақстанда қалған атамның туыстарынан шақыру келді. Мен де курстастарыммен бірге елшілікке барып ақыл-кеңес алдым. Осы кезде университетте үлкен жиналыс ашып, жақындары сәбетке көшіп кеткен студенттердің тізімі шықты. Соның ішінде мен де бар екенмін. Қолымызға анкета беріп соны толтыртты. Бірінші категориядағылар — қолында паспорты барлар. Екінші категориядағылар — ата-анасының паспорты болғандар. Үшінші топтағылар — ата-анасы кезінде сәбеттен қашып келген, бірақ қолында әлі күнге дейін паспорты жоқтар немесе жоғалтып алғандар. Сонымен мен үшінші топқа жатқызылдым. Бұрын біздің паспорт болған екен, мен апамның алдында отырып, суретке түсіппін. Жайлауда «құйыршық» шапқанда сандықтағы заттармен бірге тоналып кетіпті. Тозған ел жайлаудан қаша көшіп, арып-ашып, он неше күнде зорға дегенде ойға түсіп, елге қосылыпты. Сол сәбетті паспортымыз жоғалған. Мен осы жайды еске алып, әрі жоғарыдағы туыстардан келген хаттарды көрсетіп, егер үкімет рұқсат етсе, оқуымды Қазақстанға барып жалғастырсам, болатын шығар деп ойладым. Көңіл күйім алай-дүлей. Бірақ оқуымды тастаған жокпын, сол бұрынғыдай жаксы оқып жүре бердім. Университет адам жіберіп, оқып жатқан студенттердің елімен хабарласып, ата-аналарының бар екенін, әлде көшіп кеткенін анықтатып жатты. Мен де жерлес студенттерім секілді орайлы сәт болса, кетуді ойлап жүрдім. Оқу орынының басшылығы жауапты жоғарыдан күтіп отырғанын айтты. Егер кете алмасаңдар, оқуларыңды жалғай бересіңдер деп сендірді.

Сонымен, біз сәбетке кету үшін елге қайттық. Шекарадан өте алмасақ, қайта келіп оқимыз деген үмітіміз болды. Келсем, ата-анам шекараның түбінде болғандықтан, көшкен елмен бірге (*Май оқиғасы*) шекара асып кетіпті. Бұрынғы өзім оқыған «Молотов» атындағы мектепте жатқан кезімде жергілікті билік адамдары Кенес одағын жамандап, кері насихат жасай бастады. Тіпті студенттер арасында «кері төңкерістік» ұйым бар екен деп, одан ары шүйліңге түсті. Шетелге кетуді үгіттеп жүрген адамдар бар деп саяси науқанға айналдыра бастады. Арамызға араң ойлы өз тыңшыларын кіргізіп, материал жинағыпты. Бізді шындап аңдуға алды. Содан бастап не түрлі китүркілық басталды. Күзге дейін әуреге салып, соңынан Үрімжідегі оқуымызға жібермей, жергілікті орындардағы кара жұмысқа бөлді. Бір күні жатақханамызға «ұры» түсіп, сандықтағы заттарым жоғалды. Ол жерде Қазақстаннан келген хаттар бар еді, соны алып кетіпті. Осы қасакана жоспарланған қастандықтың артынан мені 1962 жылы 13 қыркүйекте аяқ астынан тұтқындады. Бізді әшкерелеп материал жинап берген тыңшы Күлшекер деген қызды арамыздан бөліп алып, басқа жерге мұғалім етіп жұмысқа орналастырды. Бұдан өзге бүгінде аты белгілі бірнеше адамның Компартияға жағымпаздынып тыңшылық жасап, көптеген студент жастардың обалына қалғанын жаксы білеміз. Ол адамдардың менін де үстімнен жала жапқанын кейін анықтап білдік. Бәрі көз алдымда. Олардың кейбірі сол жақта өлді, кейбіреуі әлі сол партиямен үндес, тілдес болып, жылы-жұмсағын жеп жүр.

ҮЗІЛМЕС ҮРЕЙ

1966 жылы «Мәдениет зор төңкерісі» деген қуғын-сүргін басталды. Түрмеге отырып шыққанымы үшін мені қарауылға алды, бақылауды күшейтті. Қайда ауыр жұмыс болса, қыз бала екеніме қарамай мені жіберетін. Мені қазақтарға қоспай, ылғи ханзу қыздармен бірге тұрғызып, аңду салып бақылап отырды. Кез келген саяси науқанда, жиналыста алдымен сынды

менен бастап, айыптайтын. Осылайша, рухымды сындырып, жаныштап, таптады. «Үлкен әріпті» қабырға газетіне шығарып, менің «қылмысымды» әшкерелеп, не түрлі айыптаулар жазылатын. Кейін «Шекара түбін тазалау» деген саясат келді де, мені «Күмәнді шетке байланған «бұзықұнсұр» деп қарап шекарадан алыс аудан Шихуға жер аударды. Ол жакка келген соң да менің еңсемді езетін, жүйкеме тиетін кара жұмыс пен қыз балаға ауыр өртүрлі еңбекке салды. Жергілікті орындарға «әскери мекемеден» арнайы алдырған бақылаушы адамдар бірнеше мәрте үйіме келіп тіміскілеп тінтіп, қағаз, кітап атаулының барлығын сыпырып алып кетті. Осылайша, мен жергілікті биліктің және шекара қорғанысы бөлімдерінің де қатар бақылауының астында өмір сүрдім. 1970 жылы жергілікті «кері төңкерісшілерді» жазалап, жаныштап атуға даярлады. Аудандық соттың бастығы Мұқажан, аудандық парткомның хатшысы Кәукей екеуі мас күйінде үйіме басып келіп құшағымдағы сәбиіме қарамай, менің мандайыма натағын тақап тұрып «Сені қазір атып тастасак та, сұрауың жоқ. Қылмыскерсін! Өткен жолы Шидағуде өлімнен аз қалдың», — деп тепсініп, қорқыта сөйледі. Күйеуіме мәжбүрлеп арақ беріп, айтқанына көндіріп, оны да аңдып, зәресін алды. Айта берсем, ондай оқиғалар өте көп. Аса ауыр, қиын күндер басымнан тізбектеліп өтіп жатты...

ҚАЙТА ТҮЛЕУ

1978 жылы қытай саясатында жылымық пайда болды. Әсіресе, зиялыларды қалпына келтіру, азат ету, обалды болғандарды орнына қайта қою секілді түзету жаймашуак басталды. Сол кезде көп қатарлы мен де еркіндік алдым, басым азат болды. Өзімнің баяғыда оқыған мамандығым бойынша «жалаңаяқ» (*штатсиз, уақытылы*) дәрігер болдым. Артынан менің біліктілігіме қарай жұмыс беріп, мұғалімдікке ауыстырды. Арабша төте жазудан латынша жаңа жазуды үйренуге тура келді. Кейіннен сот қызметкерлерін толықтыру кезінде менің ханзу тілін білетінімді, жоғары білімді екенімді ескеріп, Үрімжідегі қысқа мерзімдегі зан оқуына жіберіп, оны бітіріп келген соң аудандық сотқа судья етіп тағайындады.

Міне, осы кезден бастап қаламды қайта қолыма алдым. Жас кезімдегі жазуға деген құмарлығым бойынша өзім әуес болған өлең, әңгімелерді жаза бастадым. Ол еңбектерім редакциялардың көңілінен шығып, басылып тұрды. 1962-1978 жылдар аралығындағы қор болып босқа кеткен 16 жылымның есесін қайтарып алғым келді. «Тоzaқтың» отында күйіп, қорланып өткен жастығыма өкіндім. Бойыма күшімді жинап қызметті де істедім, өлеңімді де жаздым, бала-шағамды да бақтым, оқыттым. Жазғандарым сегіз жинаққа енгізілді. Прозалық еңбегім автономиялы район көлемінде жүлде алды. Айтыскер ақын ретінде сахнаға шығып, бірнеше рет үлкен айтысқа қатыстым. Газеттерде жазғандарым үздіксіз жарық көріп тұрды.

1989 жылы туған жеріме көшіп барып, Шәуешек қаласындағы аймақтық орта сотта қызмет еттім. Сол саласында жүріп азаматтық істер бойынша судиялық міндет атқардым. Баяғы 1962 жылы «май оқиғасында» мені еріксіз тастап, сәбетке көшіп кеткен шешем бауырымды ертіп іздеп келді. Олар Қазақстанға қайтып барып, маған шақыру жіберді.

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

ОРЫНДАЛҒАН АРМАН

1991 жылы күзде шақыруымды көтеріп паспортқа виза алу үшін Бейжіңге бардым. Жолымда кездескен сандаған қиындықтарды жеңе отырып, Кенес одағының елшілігіне кірдім. Тұмсығым талай рет тасқа тиді, екі жақта да мандайымнан сипайын деп тұрған адамды көрген жокпын. Әйтеуір, әуірімдеп жүріп, мың өткелден өтіп, Қазақстаныма 1991 жылдың қазан айында жеттім-ау! Біз келген соң екі айдан кейін Қазақстан Республикасы өз Тәуелсіздігін ресми түрде жариялады. Ол да мен үшін үлкен қуаныш болды! Жолым ашылып, бақытым жанды. Ұржар — біздің жеті атамыздың мекені. Атам Төкейге дейін түгелдей бай болған адамдар. Колхоздастырудан қашқандармен бірге қытай жеріне өтіп, сол жақта тұрып, 1962 жылы елге оралғанға дейін ғана кедейшілікпен күн өткізіпті. Міне, мен де сол армандаған ата-бабаның құтты мекені Ұржарға келдім.

«КІТАБЫМ ШЫҚСА ЕКЕН ДЕП АРМАНДАЙМЫН» НЕМЕСЕ АНТВЕРПЕНДЕГІ АҚЫННЫҢ БҰЙЫМТАЙЫ



Туыстарыммен қауышып, Қазақстанға табаным тигеніне қатты қуандым! Бейжіңдегі консулға барғанымда Алматыдан шығатын «Шалқар» газетін алып едім. Келе сала, сол адреспен редакцияға хат жазып, олармен байланыс орнаттым. Шалқыған шексіз қуанышымды бөлістім! Олар мені Дүниежүзі қазақтары қауымдастығымен таныстырды. Дүниежүзі қазақтарының І құрылтайына делегат болып қатыстым. Елбасымызды жакыннан көрдім. Дүниенің төрт бұрышынан келген қандастарыммен дидарластым. Жүрекжарлы өлеңімді оқып, міңбеге көтеріліп бақытты күй кештім. Алқау алып, марапатталып, комзол кидім. «Қазақ радиосы», халықаралық «Азаттық радиосы» мені таныстырып, өлеңдерімді берді. Ұржар аудандық Абай атындағы лицейде ұстаздық қызмет еттім. Өлеңдерім газет-журналдарда басылып тұрды. Әртүрлі бас қосу кештерінде, мереке-мейрамдарда жырдан шашу шаштым. Баяғы булыққан 16 жылдық жылаулы уақытымда, қуғындағы өмірімде кеткен есемді қайтарғандай көңіл күйде жүрдім. 1995 жылы Семейде өткен Абайдың 150 жылдық мерей тойының арнайы қонағы болып қатысып, сахнада өлең оқыдым. Ресей тарапынан түсірілген фильмде өлең оқып, пікірімді білдірдім. Ол біздің елде және Ресейде көрсетілді. 1994 жылы марқұм Қалдарбек Найманбаевтың ықпалымен Қазақстан Жазушылар одағына мүше болдым. 27 жылға жуық уақыттан бері Жазушылар одағының мүшесімін.

Отанға оралған соң Семейден шыққан жыр жинақтарына шығармаларым енді. Ұржар ауданында зейнетке шықтым. Сол кезде жұмысыма көп көмектескен, қазақшыл, дарқан мінезді аурухананың бас дәрігері, аудандық мәслихаттың депутаты Нұрланбек деген азаматқа алғысым шексіз!.. 1997 жылы астанамыз Алматыға көшіп келдім. Менің екі ұл, бір қызым бар еді. Оларды Әл Фараби атындағы ҚазҰУ-де және Түркістандағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде оқыттым. Алматыдағы кезімде көптеген үкімет адамдарымен, қоғам қайраткерлерімен кездестім. Көрнекті ақындар Мұзафар Әлімбаевпен, Тұманбай Молдағалиевпен, Қадыр Мырзалиевпен, Зайда Елғондиевамен жакын шығармашылық байланыста болдым. Кейін бір жолы, Еуропадан қазақ құрылтайына арнайы келгенімде мемлекеттік сыйлықтың иегері Жазушылар одағының сол кездегі төрағасы Нұрлан Оразалинмен кездесіп сұхбаттастым. Жағдайымды айттым. Баспаналы болып үй алуыма, сол кездегі көші-қон бөлімінің бастығы Зауытбек Тұрысбек бауырым көмектесті.

Қазір Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының бастығы болыпты, ол азаматқа көп рахмет айтамын!..

Қазақстандағы шығармашылық өмірім, 9 жылдық тірлік доғарылып, ендігі жерде жаңа тірлік басталып, жаңа ортаға ауыстым. Себебі мен тағдырдың айдауы, дом-тұзымның тартуымен 1999 жылы 27 қарашада әлдебір себептерге байланысты Еуропаға ат басын бұрдым. Сөйтіп Бельгияға қоныстандым. Міне, қазақ топырағынан алыстағалы осы айда тура 21 жыл толып отыр...

ЖАЛҒЫЗДЫҚ

Еуропаға келген алғашқы 8 жылда Бельгия мемлекетінің азаматтығын алуды күттім. Тұрмысыма керекті қаражатты, отыратын баспананы мемлекет қамтамасыз етті. Фламанд тілін, ағылшын тілін үйретіп, ортаға бейімдеді. Мен тұрған Антверпен қаласында өзімнің ана тіліммен сөйлесетін, сырласатын, жан-дүниеімді ақтаратын адам жоқ. Тек осы жақтағы, Бельгиядағы және Франциядағы ұлдарыммен ғана қазақ тілінде сөйлесемін. Қызым отбасымен Түркияда тұрады. Кәсіпкер үшін, басқа мамандық қуып жүрген адамдар үшін шетелде жүру білінбейтін шығар. Алайда мен секілді қаламгер үшін тілден алыс, елден алыс, өмір сүру шынында өте қиын екен. Не сөзімді тыңдап жатқан адам жоқ, не жарияланып жатқан еңбектерім жоқ. Абай жарықтық айтқандай, «Моласындай бақсының, Жалғыз қалдым — тап шыным» дегеннің кебін

киіп отырмын.

Бельгияның паспорты қолыма тиген соң, 2008 жылы елге бардым. Сол жолы қауымдастыққа өлеңдерімді тапсырып кетіп едім, олар «Ой толқыны» деген жұп-жұқа жыр жинағымды шығарып берді. Артынан менің өтінішім бойынша, баламның күш салуымен, баспаны түртпектеп жүріп, өз қаржымызбен «Сыбызғы жүрек» атты шағындау өлеңдер кітабым жарық көрді. Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының Еуропада ұйымдастырған Лондондағы және Венадағы екі реткі құрылтайына өз еркіммен сұранып бардым. 2011 жылы қазіргі Нұр-Сұлтан қаласында өткен қазақ құрылтайына шақырылдым. Сол жолы қауымдастық шығарған кітапта арнайы таныстырылдым. Мені ескеріп, тарихи кітапқа қосқаны үшін сол кездегі басшыларына, қызметкерлеріне рахметімді айттым.

Қазіргі тұрып жатқан Бельгия елінде ешқандай қазақ ұйымдарымен байланысым жоқ. Бұл менің ескерілмеуімнен, әлде жасымның ұлғаюына байланысты жүріп-тұруымның қиындығынан болар. Жомарт, Жанат деген тілшілер маған келіп, сұхбат алып интернетте жариялады. Одан өзге ешкімді көрмедім. Қазір жасым 80-ге келіп қалды. Екі аяғым да ота жасалғандықтан, қозғалысым тым қиын. Өзім осы елдің тәртібі бойынша жеке-дара тұрып жатырмын. Жакын жерде бір ұлым бар. Олар бала-шағасымен демалыс сайын келіп, хәлімді біліп тұрады.

ҮМІТ КӨКЖИЕГІ

2011 жылғы Дүниежүзі қазақтарының Астанада өткен құрылтайында өз ойымды ашып айтып едім. Тағдырдың бұйрығымен Еуропада жатқан мен секілді бір қаламгердің мұң-мұқтажы ескерілмей, мүлде ұмыт қалдым. Сол сапарымда Жазушылар одағының төрағасына өтінішімді жеткіздім. Қазір жаңа төраға Ұлықбек Есдәулет бауырым екен. Ол кісіге де айтайын!

Мынау Jas qazaq газеті арқылы арыз-арманымды айтудың орайы келіп тұр. 2018 жылдың басында «Жанашыр» қорының аясында өзімнің аздаған қаржыммен «Өмір өрнектері» деген екі томдық өлеңдер жинағым жарық көрген еді. Одан өзге осы одаққа мүше болған 26 жылдан бері бір кітабым да мемлекеттік бағдарламамен шықпады. Жазушылар одағының бір мүшесі ретінде маған қамқорлық жасауына болар еді. Шамасы олар менің бар, әлде жоқ екенімнен де хабарсыз болар.

Қазақстан Жазушылар одағына өтінішім бар! Менің «Үзілмес үрей» деген романым жазылып, қолжазба күйінде дайын тұр. Шамамен екі том болады. Онда Қытай, Қазақстан, Еуропа елдеріндегі басымнан өткізгендерімді, сезгендерімді, түйгендерімді, ұрпаққа сабақ болар дүниелерді көркем тілмен роман етіп жазып шығып едім. Соны шығарып беруге қол ұшын берсе екен деген тілек білдіремін.

2018 жылы Алматы қаласында жарық көрген кітабымның тұсаукесерін Жаңыл Әпетова, Ләззат Игісін сияқты сінділерім және ақын Дәулетбек Байтұрсынұлы мұрындық болып өткізіп берді. Өкініштісі, мен ол бас қосуға бара алған жокпын. Кітабыма алғысөзді Дәулетбек бауырым жазып, кешті өзі жүргізіпті. Сол кезден бастап Д.Байтұрсынұлы бауырыммен шығармашылық байланыстамын. Менің Қазақстан жактан ашылған жалғыз терезем — сол азамат. Айтқандарымды әлеуметтік желіде жариялап, көңілімді көтеріп, өмірге, жазуға деген құштарлықымды арттырып қояды.

Елдегі барлық бауырларыма, ақын-жазушы әріптестеріме Бельгиядан сәлем айтамын! Мен сау-сәлемет Антверпен қаласында тұрып жатырмын. Газеттің көмегімен сіздерге үнімді жеткізігім келді!.. Менің Қазақстан Жазушылар одағының бір мүшесі екенімді ұмытып кетпеніздерші! Мен сіздерді сәт сайын ойлаймын, минут сайын есіме аламын. Жасым сексенге келсе де, дірілдеген қолымен хат жазамын, міне, тағы да сөйлеп отырмын. Аман болыңыздар!

Ырысалды ТӨКЕЕВА,
Антверпен, Бельгия



АИНА

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz



достарымның көмегімен қазақ тілін үйрендім». Африкалық азамат бүгінде өз шығармашылығын әрі қарай дамытқысы келеді. Ол қазақ тілін үйреніп, музыканы білім алып жүр. «Келешекте домбыраны шетелге танытамын. Мен өзге халықтарға



Африкалық азамат Мозес Зибо тойда қазақша ән шырқап, домбырада күй шертіп көпшіліктің көңілінен шығып жүр. Тіпті ол қазақша өнге бейнебаян түсіріп, қазақ өнерін әлемге паш етуде. Африкалық жігіт өлімізге келген сәтін былай деп есіне алды.

«Мен Қазақстанға алғаш рет әлеуметтік желідегі қазақстандық достарымның шақыруымен 2013 жылы келдім. Бұл елге келмес бұрын интернеттен Қазақстан туралы ақпараттарды ақтардым. Мені қазақтың салт-дәстүрі мен мәдениеті қызықтырды. Оның ішінде домбыра аспабына қызығушылығым артты. Ол мені



Мозес-Мұсабек:

Домбыра мені баурап алды



бірден баурап алды. Өйткені домбыраның үні ерекше естілді. Ерекше аспап екенін көріп, мен оны менгеруді ұйғардым. Домбыра гитараға ұқсас, бірақ екі ішегі ғана бар. Домбырашылардың аспапта өте жылдам ойнайтынын видеодан көрдім, сол кезде аспаптың дыбысы жағымды әсер қалдырды», — дейді музыкант.

Өнерпаз жігіттің домбыраға қызыққаны соншалық, ол аспапта ойнауды үш ай ішінде үйреніпті. «Мен Асылбек Енсеповтің «Балалық шак» композициясын, Құрманғазының «Адай» күйін орындай аламын. «Адайды» бір айдан астам уақытта менгердім. Одан бір ай бойы «Атамекен» әнін де үйрендім. Адамдар менің домбыраны бірден үйреніп кеткеніме таңырқап жатады. Өз басым мәселе аспапта емес, музыкаға деген сүйіспеншілікте деп ойлаймын. Құштарлық пен ниет болса, онда сіз аспапты тез менгересіз. Мені қазір барлығы Мұсабек деп атап жүр», — дейді өнерпаз.

Мозестің негізгі мамандығы — суретші. Ол бейнелеу өнері бойынша әлемнің біраз елін аралап, жеке көрмесін өткізіпті. Еліміз туралы ойын былай деп тарқатты: «Қазақстан — қонақжай ел. Мұндағы адамдар да, қалалар да тамаша. Маған қазақтың мәдениеті мен тілі ұнайды. Қазақ



домбыраның бар кереметін көрсетемін», — деген өнерпаз Алматыда отбасымен тұрып жатыр.

Мозес Зибоның қазақ еліне деген құрметі — қазақтың кара домбырасының күдіреті. Қазақтың әні мен күйіне деген сүйіспеншілігі арқасында көп қазақпен достасты. Шетелдік азаматтың елімізге келіп, қазақтың тілін үйреніп, әнін шырқап, күйін шертіп жүргеніне шынында да сүйсінтердік емес пе?

Макпал НОҒАЙБАЕВА

ТУРИЗМ



Бозжыраның болашағы



Бозжыра – Маңғыстау өңіріндегі көне табиғи ескерткіш. Аймаққа келген туристер бұл араға ат басын бұрмай кетпейді. Сондықтан оның маңайына заманауи туристік нысан керек-ақ. Бірақ соңғы кездегі «дәстүр» бойынша, экобөлсенділер оның құрылысына қарсылық білдіріп, өре түрегелді. Осы аптада Маңғыстау облысының әкімі Серікбай Тұрымов орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте оған өз жауабын берді:



«Маңғыстау өңірі — Қазақстанда туризмді дамытуға қолайлы он өңірдің бірі болып есептеледі. Туристерге тарихи орындарды таныстыру, табиғаты әсем жерлерімізді көрсетуге қатысты біздің де жоспарымыз бар. Осыған байланысты Шерқала, Айрақты, Жығылған, Бозжыра сияқты ерекше орындарды туристерге таныстыру жұмыстарын жоспарлады. Бозжыра шатқалында қонақ үй салу мәселесі — инвесторлардың ұсынған жобасы. Бұл жобаны қоғамдық кеңесте қоғам белсенділерімен бірге талқылап жатырмыз. Ол жердегі туризмді ұйымдастыру үшін мұндай қонақ үй қажет. Бозжыра маңындағы табиғи аймақты тамашалауға келетін туристерге жағдай жасауымыз керек. Қонақ үй құрылысы басталған күннің өзінде,



ол Бозжыраның дәл жанынан салынбайды. Бозжырадан 1,5-2 шақырым жерде болуы мүмкін. Бұл үлкен, көп қабатты қонақ үй болмайды. Қазақы нақыштарды қосу туралы ұсынысымыз бар».

ҚЫАҚААМ



Беларусь: «Киіз үйдің жанында»

27-28 қазан аралығында Могилев қаласында XXIII Халықаралық анимациялық «Анимаёвка – 2020» фестивалі өтті. Фестивальді Беларусь Республикасының мәдениет министрлігі мен Могилев облыстық атқару комитеті ұйымдастырды. Байқауға 45 елден 283 анимациялық фильм қатысты. Ал 5-10 жас аралығындағы балалар арасында өткен бейнелеу және сәндік-қолданбалы өнер байқауына Беларусь, Ресей және Қазақстаннан 350 жұмыс ұсынылды.



Осы бейнелеу байқауында «Киіз үйдің жанында» туындысы үшін кішкентай жерлесіміз 7 жасар Наилия Ғалямова «Ынталандыру дипломымен» марапатталды. Наилия Петропавл қаласындағы Оқушылар сарайының «Шынайы әлем» студиясында шеберлігін шындап жүр. Ұстазы — Юрий Кузнецов.

Кішкентай суретшіні үлкен жеңісімен құттықтап, алдағы уақытта да талай биіктерді бағындыруына тілектеспіз!

Ғалия ҚАЛИЕВА

Петропавл оқушылар сарайының директоры Дина Әбілмәжінованың «Шынайы әлем» шығармашылық студиясының шәкірті Наилия Ғалямоваға диплом тапсыру сәті



Бас редактор — директор
Срайыл СМАЙЫЛ
Редакция алқасы:

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Макпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Әбдіманап КЕНЕС — жастар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терішші

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-caim

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкен ҚӨБЕЕВ —
Ақмола және Солтүстік Қазақстан
облыстары (8 778 910 45 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы
(8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы
(8 702 426 69 05)

Мәриям АЙТБАЙ —
Шымкент қаласы

Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы
(8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Макпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың
орынбасары
Мейрамбек
ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима
ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-қабат
(Бөгембай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2237;
Бағасы келісім бойынша

Апталық таралым — 3000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,
сондай-ақ «Ait-Astana» әуесқойлығы ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.
2020 жылдың 19 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі
Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ23VPY00020470 куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция қозғарысын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.